

**МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫНЫҢ БІЛІМ БАСҚАРМАСЫ
«ОБЛЫСТЫҚ БАЛАЛАР МЕН ЖАСӨСПІРІМДЕР ТУРИЗМІНІҢ
ОРТАЛЫҒЫ» МКҚК**



**Маңғыстау облысының
«Облыстық балалар мен жасөспірімдер туризмі орталығының»
жұмыс тәжірибиесін зерделеу және жалпылау**

Ақтау қаласы, 2021ж

МАЗМҰНЫ

1. Кіріспе.....	3-4
2. Нормативті-құқықтық құжаттар.....	5
3. Орталықтың педагогикалық кадрларына сипаттама.....	6-19
4. Әлеуметтік ынтымақтастық құрылым.....	20
5. Орталықта атқарылған жұмыстар.....	21-29
6. Саяхаттар, жорықтар.....	30-32
7. Орталықта дайындалған әдістемелік құралдар.....	33
8 Мектеп жылыжайы: ізденіспен тәжірибие.....	34-36
Мектеп музейі жұмысын құқықтық ұйымдастыру.....	37-40
9. Экологиялық білім арқылы балалар мен жасөспірімдерге патриоттық тәрбие беру.....	41-43
10. Туристік-өлкетану қызметі-азаматтық тәрбие берудің қуатты құралы.....	44
11 Мектептегі туристік-өлкетану жұмыстарын ұйымдастыру ерекшеліктері.....	45-47

КІРІСПЕ

Білім беру ұйымдарындағы балалар мен жасөспірімдер туризмі - балалардың бос уақытын тиімді пайдалану мен патриоттық, экологиялық тәрбие берудегі таптырмас құрал. Туризм-табиғатқа, өлкенің тарихи мәдени орындарына саяхат жасау, өңірдегі туризм орталықтарында демалу, сол аумақтағы табиғи және мәдени-тарихи нысандар туралы мағлұмат, түсініктер алу деген сөз. Оның бағыттары алуан түрлі: ізденушілік-өлкетану бағытында туған өлкеге жасалатын оқу тақырыптық экскурсиялар, спорт бағытында өткізілетін жарыстар мен слеттер, туристік жорықтар, экологиялық туризм. Туристік – өлкетану бағытындағы шаралар оқушылардың бойында өз туған өлкесіне деген қызығушылықты, сүйіспеншілікті, өткені мен қазіргі тарихын оқып-үйрену негізінде патриоттық, азаматтық тәрбиені қалыптастырады.

Міндеттері:

- қашықтықтан оқыту технологияларын пайдалана отырып, білім алушылар мен тәрбиеленушілерге туған жер, елдің тарихы, жәдігерлер туралы білімдік-танымдық туризм сабақтарын үйлестіру, өткізу және ұйымдастыру;
- оқу демалысы кезінде жергілікті жерлерде және облыстан тыс өңірлерде балалардың туристік лагерьлерін, танымдық саяхаттарын ұйымдастыру;
- білім беру ұйымдарында туризм саласын дамыту мақсатында педагогикалық қызметкерлермен, қосымша білім педагогтарымен семинарлар, дөңгелек үстел, т.б. өткізу;
- туристік - өлкетану бағытында журналдар, оқулықтар, туристік карталар, атластар даярлау, баспа қызметін жүзеге асыру;
- білім беру мекемелерінде өлкетану мұражайларын жасақтауға, қызметін үйлестіруге, тарихи жәдігерлерді, экспонаттарды жинақтауға мектеп мұражайлары қызметтеріне кеңес беру;
- облыс бойынша туристік үйірмелердің жетекшілеріне арналған туристік сейілдеудің, жорықтардың, экспедициялардың және слеттердің маршрутын әзірлеу;
- «Менің Отаным - Қазақстан» туристік – экспедициялық жасақтардың республикалық слетінің (жарыстар, жорықтар, т.б.) жобасын жүзеге асыру;
- туристік жорықтар, экскурсиялар, спорттық жарыстар ұйымдастыру;
- білім алушылардың өмір қауіпсіздігін қамтамасыз ету;
- жасөспірімдер туризмін дамыту мақсатында мекемелер мен кәсіпорындармен ынтымақтастық қарым-қатынас шараларын жасау.

Орталық қызметінің басым бағыттары:

- 1) салауатты өмір салтын қалыптастыру, оқушы жастардың денсаулығын нығайту, тұлғалық дамуына қажетті жағдай жасау;
- 2) туристік-экологиялық бағытта білім беру ұйымдарының танымдық және тәрбие жұмысын әдістемелік жағынан үйлестіру, қосымша білім беру бағдарламаларын іске асыру;

3) білім беру ұйымдары оқушыларының туристік-өлкетану, экологиялық-биологиялық бағытта шығармашылық танымдық әлеуетін күшейтті.

Туризм-өлкетану бөлімінің мақсаты:

- туризм - өлкетану бағытындағы жұмыстарды жандандыру.

Экологиялық-биологиялық бөлімінің мақсаты:

- білім беру ұйымдарында экологиялық білім беру жұмыстарын ұйымдастыру, үйлестіру.

Ақпараттық-талдау бөлімінің мақсаты:

- орталықтың қызметін жан-жақты талдау, жоспарлау және БАҚ беттерінде жариялау.

**МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСТЫҚ БАЛАЛАР МЕН
ЖАСӨСПІРІМДЕР ТУРИЗМІ ОРТАЛЫҒЫНЫҢ ТӨЛ ҚҰЖАТЫ**

Маңғыстау облысының білім басқармасының «Облыстық балалар мен жасөспірімдер туризмінің орталығы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны (бұдан әрі – Кәсіпорын) Маңғыстау облысы әкімдігінің 2017 жылғы 10 шілдедегі №164 қаулысымен бекітілген, жедел басқару құқығындағы мемлекеттік кәсіпорынның ұйымдық – құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады.

Мекеменің атауы	Маңғыстау облысының Білім басқармасының «Облыстық балалар мен жасөспірімдер туризмінің орталығы» Мемлекеттік Коммуналдық Қазыналық Кәсіпорны
Орталықтың мекен-жайы	130000 Қазақстан Республикасы Маңғыстау облысы, Ақтау қаласы, 3 шағын аудан, №208 ғимарат
Орталықтың телефоны	8 (7292) 60-54-00, 60-54-01, 60-54-02
Электрондық поштасы	ocdt-2017@mail.ru
Тіркеу куәлігі	Маңғыстау облысының Әділет департаменті Ақтау қаласы Әділет басқармасы №3251-1943-01-МК БСН170840000636 01 тамыз 2017ж.
	Маңғыстау облысы әкімдігінің 2017 жылғы №164 қаулысымен бекітілген
Лицензия	Ақтау қаласы Әділет басқармасы 170840000636 01.08.2017ж
Директор	Міндетін атқарушы А.Темірланова
Штаттық бірлік	23
Бөлімдер	3
Әдіскерлер саны	14

НОРМАТИВТІ-ҚҰҚЫҚТЫҚ ҚҰЖАТТАР

- ҚР Конституциясы;
- ҚР «Білім туралы» Заңы;
- ҚР «Бала құқықтары туралы конвенция туралы» Заңы;
- ҚР «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» Заңы;
- ҚР «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңы;
- ҚР «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» Заңы;
- ҚР «Мемлекеттік-жекеменшік серіктестік туралы» Заңы;
- ҚР «Мемлекеттік жастар саясаты туралы» Заңы;
- ҚР «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» Заңы;
- ҚР Білім және ғылым министрлігінің нормативті құжаттары;
- Қазақстан Республикасының туристік саласын дамытудың 2025 жылға дейінгі мемлекеттік бағдарламасы;
- Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020 – 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы;
- Қазақстан Республикасында туризм саласын дамытудың 2019-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы;
- Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: «Рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласы, 2017 жылғы 12 сәуір;
- «Туған жер» бағдарламасын іске асыруда негізгі тұжырымдамалық тәсілдер;
- Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Ұлы даланың жеті қыры» мақаласы, 2018 жылғы 21 қараша;
- Қазақстан Республикасы мемлекет басшысы Қ.К.Тоқаевтың 01.09.2020ж «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: Іс – қимыл кезеңі» Жолдауы;
- Білім туралы мемлекеттік үлгідегі құжаттардың түрлері мен нысандарын және оларды беру қағидаларын бекіту туралы;
- Бюджет қаражаты есебінен қаржыландырылатын мемлекеттік білім беру ұйымдары қызметкерлеріне жалақыны есептеу қағидаларын бекіту туралы;
- Мектепке дейінгі, орта білім беру ұйымдарын, сондай-ақ арнайы білім беру ұйымдарын жабдықтармен және жиһазбен жарақтандыру нормаларын бекіту туралы;
- Педагогтердің біліктілігін арттыру курстарын ұйымдастыру және жүргізу, сондай-ақ педагогтің қызметін курстан кейінгі қолдау қағидалары;
- «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру жағдайындағы тәрбиенің тұжырымдамалық негіздерін қабылдау туралы;

Темірланова Аяжан Темірланқызы

Облыстық балалар мен жасөспірімдер туризмі орталығы директорының міндетін атқарушы



2018 жылдан бастап Ұйымның жарғысына және басқа да нормативтік құқықтық актілерге сәйкес басқарады.

Әлеуметтік көмек көрсету бойынша құрылымдық бөлімшелердің және өзара іс-қимыл жұмыстарды сауатты және шебер ұйымдастырады.

Аяжан Темірланқызы басқарудың заманауи әдістері негізінде жұмысты болжайды, жоспарлайды, әлеуметтік-педагогикалық бағдарламаларын әзірлеуді және бекітуді ұйымдастырады, қазіргі заманғы ақпараттық технологияларды белсенді пайдаланады және дамытады, балалардың бос уақытын тиімді пайдалану мен патриоттық, экологиялық тәрбие беру миссиясымен қызмет атқарып, республика, облыс көлемінде өңір оқушыларына қажетті түрлі бағыттағы экскурсиялардың, байқаулар мен акциялардың өткізілуіне айтарлықтай үлес қосып келеді.

Өзінің жемісті еңбегі, жоғары кәсібилігі, шығармашылық педагогикалық қызметі үшін әртүрлі деңгейлерде көтермелеуге ие, осы бағытта ҚР Білім және ғылым вице-министрінің «Сертификаты» (2016 ж), ҚР Білім беру және спорттық робототехника «ҚазРоботикс» Федерациясы» РҚБ «Сертификаты» (2017ж.), «Табиғатты аяла» жас өлкетанушылар, экологтар мен табиғат зерттеушілерінің республикалық форумына қосқан үлесі үшін ҚР Білім және ғылым министрлігі Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығының «Алғыс хаты» (қыркүйек 2018ж.), «Ұлы өнертапқыштыққа алғашқы қадам» идеялар республикалық байқауынан ҚР Білім және ғылым министрлігі Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығының «Алғыс хаты» мен «Сертификаты» (қараша 2018ж.), «Табиғатты аяла» жас өлкетанушылар, экологтар мен табиғат зерттеушілерінің республикалық форумын жоғары деңгейде өткізуге қосқан үлесі үшін Маңғыстау облысының білім басқармасынан «Алғысы» 2018ж, ҚР БҒМ «Көп жылғы еңбегі және балаларға қосымша білім беру жүйесін дамыту мен өскелең ұрпақты тәрбиелеуге қосқан үлесі мен жеткен жетістіктері үшін» АЛҒЫС (2019ж.), «Батыс Қазақстан облысының кәсіпкерлік және индустриялық – инновациялық даму басқармасы» мемлекеттік мекемесінің «Сертификаты» (2019ж.), 2019 ж. Маңғыстау облысының әкімінің 27 қыркүйек – Дүниежүзілік туризм күніне орай, Маңғыстау облысының туризм саласын дамытуға қосқан үлесі үшін «Алғыс хаты» марапаттарына ие болған.

Қайта даярлау (қайта мамандану) және біліктілігін арттыру курстарынан өткен күні:

- 2017ж. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі «Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы» акционерлік қоғамы орталығында «Робототехника негіздері» (72 сағаттық, сертификат № 0182476);

- 2018ж. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығында балаларға қосымша білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының

педагогика кадрларына арналған «Білім беру ұйымдарында балалардың техникалық шығармашылығын дамыту» (80 сағаттық, сертификат № 1684);

- 2020ж. Республикалық оқыту және біліктілікті арттыру орталығында «Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау» тақырыбы бойынша біліктілікті арттыру курсынан өткен (36 сағаттық, сертификат № 001296).

- 2020ж. Екінші санатты басшының орынбасары біліктілігі берілді (2020ж. «30» желтоқсан, Облыстық білім басқармасының №164 нқ бұйрық).

ТУРИЗМ-ӨЛКЕТАНУ БӨЛІМІ

Нугиманова Жанар Майрамбекқызы

Туризм-өлкетану бөлімінің жетекшісі

1987 жылы 10 желтоқсанда Маңғыстау облысы, Түпқараған ауданы, Форт-Шевченко қаласында дүниеге келген. Білімі жоғары. 2008ж. Маңғыстау гуманитарлық колледжін «Ағылшын тілі мұғалімі» мамандығы бойынша, 2013ж. Ш.Есенов атындағы Каспий Мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университетін «Туризм» бакалавры бойынша тәмамдаған.



Еңбек өтілі:

- 2009-2012жж. «Теңіз» қонақ үйі, администратор;

- 2012-2017жж. Облыстық оқу-әдістемелік және қосымша білім беру орталығы, әр түрлі қызметтерде болған;

- 2017-2019жж. Облыстық балалар мен жасөспірімдер туризмінің орталығы, директор орынбасары;

- 2020ж. бері Облыстық балалар мен жасөспірімдер туризмінің орталығы, туризм-өлкетану бөлімінің жетекшісі;

Қайта даярлау (қайта мамандану) және біліктілігін арттыру курстарынан өткен күні:

- 2018ж. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығында балаларға қосымша білім беру бағдарламаларын іске асыратын ұйымдардың педагогика кадрларына арналған «Балаларға қосымша білім берудің экологиялық-биологиялық бағыты бойынша педагогикалық технологиялар» (80 сағаттық, сертификат №2653);

- 2020ж. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығында балаларға қосымша білім беру бағдарламаларын іске асыратын ұйымдардың педагогика кадрларына арналған «Өлкетану және виртуалды экскурсиялар: дәстүрден инновацияға» тақырыбында өз біліктілігін арттырды (80 сағаттық, сертификат №1295);

- 2020ж. Біліктілік санатын беру (растау) үшін педагог қызметкерді және оған теңестірілген тұлғаны аттестаттау куәлігі екінші (педагог-модератор) біліктілік санаты берілді (2020ж «25» желтоқсан №57 нқ бұйрық);

Марапаты:

- 2016ж. Маңғыстау облысы білім басқармасының «Алғысы»;
- 2016ж. «ЭКСПО-2017» шеңберінде жас өлкетанушылар, экологтар мен табиғат зерттеушілерінің республикалық форумына қосқан үлесі ҚР Білім және ғылым министрлігі Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығының «Алғыс хаты»;
- 2017ж. «Менің Отаным – Қазақстан» туристік-өлкетану экспедициялық жасақтарының республикалық слетіне қосқан үлесі үшін ҚР Білім және ғылым министрлігі Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығының «Алғыс хаты»;
- 2018ж. «Табиғатты аяла» жас өлкетанушылар, экологтар мен табиғат зерттеушілерінің республикалық форумына қосқан үлесі үшін ҚР Білім және ғылым министрлігі Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығының «Алғыс хаты»;
- 2020ж. «Менің Отаным – Қазақстан» туристік-өлкетану экспедициялық жасақтарының республикалық слетіне қосқан үлесі үшін ҚР Білім және ғылым министрлігі Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығының «Алғыс хаты».

Авторлық жұмыстары:

Облыс оқушылары мен мұғалімдеріне арналған «Экскурсиялық Маңғыстау», «Мектеп музейлері» әдістемелік нұсқаулығы және «2019-2020 оқу жылында атқарылған іс-шаралар жинағы» атты әдістемелік жинақтарын құрастырушы.

Өлкеде балалар мен жасөспірімдер туризмін дамытуда 2016 жылы Облыстық оқу-әдістемелік және қосымша білім беру орталығында туризм бөлімінің, 2017 жылы Маңғыстау облысының білім басқармасының «Облыстық балалар мен жасөспірімдер туризмінің орталығы» Мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнының ашылуына Жанар Майрамбековнаныңда сіңірген еңбегі зор.

Жұлқынова Гүлзер Маслихатқызы Туризм-өлкетану бөлімінің әдіскері



1994 жылы 6 мамырда Маңғыстау облысы, Ақтау қаласында дүниеге келген. 2000-2011жж. Ақтау қаласындағы №15 жалпы білім беру орта мектебінде білім алған.

2011-2015жж. Ш.Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университетінде «Экология» мамандығы бойынша жоғары білім алған.

- 2016-2017жж. Облыстық оқу-әдістемелік және қосымша білім беру орталығының әдіскері;
- 2018-2020жж. ЖШС «Art Business Consulting» директорының орынбасары;
- 2021 жылдың 5 қаңтарынан бастап Облыстық балалар мен жасөспірімдер туризмі орталығының туризм-өлкетану бөлімінің әдіскері.

Тегісбай Мұстафа Қыдырғалиұлы Туризм-өлкетану бөлімінің нұсқаушысы



1998 жылы 6 желтоқсанда Маңғыстау облысы, Ақтау қаласында дүниеге келген. Білімі орташа. 2016-2017 жж. Батыс Қазақстан облысының технологиялық колледжінің «Туризм нұсқаушысы» мамандығын бітірген.

Қайта даярлау (қайта мамандану) және біліктілігін арттыру курстарынан өткен күні:

- 2018 жылы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығында жұмыстан қол үзе отырып, балаларға қосымша білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының педагогикалық кадрларына арналған «Балаларға қосымша білім берудің туристік-өлкетану бағыты бойынша инновациялық-педагогикалық технологиялар» (80 сағаттық, сертификат №2623);

- 2019ж. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығында жұмыстан қол үзе отырып, балаларға қосымша білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының педагогикалық кадрларына арналған «Мұражай педагогикасы - тұлғаның жалпы мәдени құзыреттіліктерін дамытатын инновациялық педагогикалық технология» (80 сағаттық, сертификат № 0470);

- 2020ж. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығында Балаларға қосымша білім беру бағдарламаларын іске асыратын ұйымдардың педагогика кадрларына арналған «Балалар-жасөспірімдер туризмі және өлкетануға Steam технологиясын енгізу» тақырыбында өз біліктілігін арттырды (80 сағаттық, сертификат №0437);

- 2020ж. Kazakhstan Amcorners Network ұйымдастыруымен «Экологиялық сауаттылық» тақырыбында онлайн семинарына (6 сағаттық, сертификат, 23-25 қараша).

Марапаттары:

- 2016ж. «Аналар – асыл жандар» кешіне зор үлес қосып белсене қатысқаны үшін Дәулет ауылдық округі әкімінің «Мақтау қағазы»;

- 2017ж. Ақтау «Мейірім» қайырымдылық тобымен мейірімділік шараға белсене қатысқаны үшін «Алғыс хаты»;

- 2017ж. Орал қалалық «Жаяу туризм техникасы» жарысында «ІІІ дәрежелі Дипломы»;

- 2018ж. Қазақстан Республикасы 16 желтоқсан тәуелсіздік күні мерекесіне орай Ақтау қаласындағы химия-биология бағытындағы Назарбаев Зияткерлік мектебінің «Алғыс хаты»;

- 2020ж. «ӨРЛЕУ» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы» АҚ ұйымдастырған Орта білім және қосымша білім беру мұғалімдеріне арналған «К педагогическим вершинам» облыстық олимпиадасының қатысушысы.

Авторлық жұмыстары:

Облыс оқушылары мен мұғалімдеріне арналған «Балалар мен жасөспірімдер туризмі» атты нұсқаулығын, Маңғыстау облысы білім басқармасының «10 туристік маршрут» жобасының экскурсиялық бағдарламасының маршрут бағыттарын құрастырушы.

Облыстық «Туристік шатырлы лагерь» онлайн сабақтарын және облыс студенттері арасында «Халықаралық туризм күніне орай техникалық және кәсіптік білім беру студенттері арасындағы туристік слетін» ұйымдастырушы.

Айтекенова Арайлым Хайроллақызы Туризм-өлкетану бөлімінің әдіскері

1995 жылы 30 мамырда Маңғыстау облысы, Бейнеу ауданында дүниеге келген. Білімі жоғары 2012-2016жж. Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университетінде Биология пәнінің мұғалімі мамандығын тәмамдаған.

- 2016-2017жж. Облыстық «Дарын» қосымша білім орталығының әдіскері;

- 2017-2019жж. «Хай-Сар» ЖШС менеджері;

- 2019ж. бастап «Облыстық балалар мен жасөспірімдер туризмінің орталығында» туризм-өлкетану бөлімінің әдіскері қызметін атқарып келеді.



Қайта даярлау (қайта мамандану) және біліктілігін арттыру курстарынан өткен күні:

- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Республикалық қосымша білім беру оқу – әдістемелік орталығында Балаларға қосымша білім беру бағдарламаларын іске асыратын ұйымдардың педагогика кадрларына арналған «Мұражай-өңірдегі білім беру, тарихи және мәдени туризмді дамытудың маңызды ресурсы» тақырыбында өз біліктілігін арттырды (80 сағаттық, сертификат № 0863)

- 2020ж. Біліктілік санатын беру (растау) үшін педагог қызметкерді және оған теңестірілген тұлғаны аттестаттау куәлігі екінші (педагог-модератор) біліктілік санаты берілді (2020ж. «25» желтоқсан №57 нқ бұйрық)

Марапаттары:


- 2017ж. Облыстық «Дарын» қосымша білім орталығының «Алғысы»;

- 2017ж. Маңғыстау облысының білім басқармасының «Алғыс грамотасы»;

ЭКОЛОГИЯЛЫҚ-БИОЛОГИЯЛЫҚ БӨЛІМІ

Ерғалиева Айнұр Смағұлқызы

Экологиялық – биологиялық бөлімінің жетекшісі



1996 жылы 10 шілдеде Маңғыстау облысы, Бейнеу ауданында дүниеге келген. Жоғары білімді 2013-2017жж. Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университетінде педагогика және психология мамандығы бойынша білім алған.

- 2017-2019жж. Бейнеу аудандық білім беруді үйлестіру орталығының әдіскері;

- 2019ж. бастап Облыстық балалар мен жасөспірімдер туризмінің орталығы ақпараттық – талдау бөлімінің әдіскері, 2021ж бастап экологиялық

– биологиялық бөлімінің жетекшісі қызметін атқарады.

Қайта даярлау (қайта мамандану) және біліктілігін арттыру курстарынан өткен күні:

- 2020ж. Біліктілік санатын беру (растау) үшін педагог қызметкерді және оған теңестірілген тұлғаны аттестаттау куәлігі екінші (педагог-модератор) біліктілік санаты берілді (2020ж. «25» желтоқсан №57 нқ бұйрық);

Марапаттары:

- 2018ж. Бейнеу аудандық білім бөлімінің «Алғысы»;

- 2018ж. «Дарын» Республикалық ғылыми-практикалық орталығының «Алғысы»;

- 2019ж. 1-7 сынып оқушыларының зерттеушілік жобалары мен шығармашылық жұмыстарының XIV «Зерде» республикалық конкурсына қатысушы команданың жетекшісі ретінде қатысқаны үшін «Сертификаты»;

- 2020 ж. Маңғыстау облыстық балалар мен жасөспірімдер туризмі орталығының «Алғысы».

Тоқжанов Орынбасар Әбдіұлы

Экологиялық – биологиялық бөлімінің нұсқаушысы



1948 жылы 10 қазанда Маңғыстау облысы, Маңғыстау ауданы, Шайыр селосында дүниеге келді. 1966 жылы Шахта орта мектебін, ал 1973 жылы Гурьев мемлекеттік педагогикалық институтын аяқтады.

- Еңбек жолы 1966 жылы Бейнеу ауданы, Қызыләскер ауылындағы Амангелді атындағы сегіз жылдық мектептебінде мұғалімдіктен басталып, аудандық пионерлер үйінің директоры, Бейнеу аудандық комсомол комитетінің хатшысы, мектеп

директоры, қалалық білім бөлімінің меңгерушісі, облыстық білім басқармасы

басшысының орынбасары, басшысы, облыс әкімі аппаратында әлеуметтік сала және құрылыс бөлімінің, ұйымдастыру бөлімінің бас маманы және бөлім меңгерушісі қызметтерін атқарған.

- 2003 жылдан бастап облыстық табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы басшысының орынбасары, 2016 жылы келісім-шарт бойынша табиғат басқармасында бүгінге дейін инспектор, аударма ісі бойынша редактор қызметтерін атқарып келді.

- 2020 жылдың маусым айынан бастап Облыстық балалар мен жасөспірімдер туризмінің орталығында экология-биология бөлімінің жетекшісі, бөлім нұсқаушысы.

О. Тоқжановтың бастамасымен 2006-2007жж. Маңғыстау өлкесіндегі «Ақотты», «Мүлкаман», «Кіндікті» жерлерінде 1969-1970 жылдары жер астында жүргізілген ядролық жарылыстың жер бетіндегі зардаптары жандармы жойылды. Жергілікті маңызы бар «Қызылсай» мемлекеттік өңірлік табиғи паркіне» біріктірілген жалпы аумағы 1,047 млн гектар жеті ерекше қорғалатын табиғи аумақта (ЕҚТА) құрып, өлкенің қоршаған ортасын, онда мекендейтін аң-құстарын, өсімдік әлемін және сол жерлерде мекендейтін барлық жәндіктерді қорғап, олардың құрып кетуінен сақтап қалуда үлкен жұмыстарды жүзеге асырды.

Облыстық дәстүрлі «Үлгілі ауыл», «Жасыл аула» және «Табиғатпен үндес мектеп», «Табиғатпен үндес балабақша» конкурстарын ұйымдастырып, өткізуді қолға алды. Оқушыларға экологиялық тәрбие беруді жақсарту үшін «Қоршаған орта экологиясы» атты оқу-әдістемелік құрал жасалып, олар облыстағы барлық білім беру мекемелеріне таратылып, пәнді оқытатын 158 маман дайындалды.

Маңғыстау облысының Қоғамдық кеңесінің төралқа мүшесі, Маңғыстау облысының ардагер ұстаздар кеңесінің төрағасы, Қазақстан Ұлттық география қоғамының басқару кеңесінің мүшесі ретінде белсенді қызмет атқарып келеді.

Қайта даярлау (қайта мамандану) және біліктілігін арттыру курстарынан өткен күні:

- Kazakhstan Amcorners Network ұйымдастыруымен «Экологиялық сауаттылық» тақырыбында онлайн семинарына (6 сағаттық, сертификат, 23-25 қараша 2020 жыл) қатысты.

Марапаттары:

- 1993 жыл Қазақстан Республикасы Білім министрлігінің «Қазақстан Республикасының білім беру ісінің үздігі» төсбелгісі;

- 2001 жылы Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 10 жылдық мерекелік медалі;

- 2009 жыл Маңғыстау облысының мемлекеттік басқару органдардағы адал еңбегі үшін Маңғыстау облысы әкімінің «Құрмет грамотасы»;

- 2011 жылы Маңғыстау облысының әлеуметтік-экономикалық дамуына қосқан үлесі үшін Маңғыстау облысы әкімінің «Құрмет грамотасы»;

- 2011 жылы Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 20 жылдық мерекелік медалі;

- 2012 жылы Қазақстан Республикасының қоршаған ортаны қорғау министрлігінің «Экология саласының үздігі» төсбелгісі;

- 2013 жылы Маңғыстау облысының 40 жылдығы мерекесіне орай Маңғыстау облысы әкімінің төсбелгісі;
- 2015 жылы Қазақстан Республикасы Конституциясының 20 жылдық мерекелік медалі;
- 2016 жыл Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградасы «Ерен еңбегі үшін» медалі;
- 2017 жыл Білім беру саласын дамытуға қосқан үлесімен, шығармашылық жетістіктері үшін Маңғыстау облысы әкімінің «Құрмет грамотасы».

Джумашева Алтынгүл Бимуханбетқызы
Экологиялық – биологиялық бөлімінің әдіскері



1988 жылы 30 желтоқсан айында Батыс Қазақстан облысы, Тасқала ауданы, Ақтау ауылында дүниеге келген. 1995-2006жж. Ақтау ауылындағы Ақтау орта мектебінде білім алған.

- 2006 - 2010жж. Орал қаласы, Махамбет Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университеті «Экология» мамандығы, бакалавр;

- 2012-2013жж. Батыс Қазақстан облысының Аграрлық колледжін «Бухгалтер» мамандығы бойынша бітірген.

бітірген.

- 2019ж бері «Облыстық балалар мен жасөспірімдер туризмінің орталығында» экологиялық – биологиялық бөлімінің әдіскері қызметін атқарып келеді.

Қайта даярлау (қайта мамандану) және біліктілігін арттыру курстарынан өткен күні:

- 2019ж. Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің бұйрығына сәйкес, «Қазақстандық қайта даярлау және біліктілікті арттыру орталығында» биологияны оқытудың педагогикасы мен әдістемесі бойынша «Биология пәні мұғалімі» біліктілігін арттырды (504 сағаттық, сертификат № СО-090024);

- 2020ж. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Республикалық қосымша білім беру оқу – әдістемелік орталығында балаларға қосымша білім беру бағдарламаларын іске асыратын ұйымдардың педагогика кадрларына арналған «Балалар-жасөспірімдер туризмі және өлкетануға Steam технологиясын енгізу тақырыбында біліктілігін арттырды (80 сағаттық, сертификат №0438);

- Kazakhstan Amcorners Network ұйымдастыруымен «Экологиялық сауаттылық» тақырыбында онлайн семинарына (6 сағаттық, сертификат, 23-25 қараша 2020 жыл) қатысты.

Рүстемова Назгүл Рүстемқызы
Экологиялық – биологиялық бөлімінің әдіскері



1995 жылы 23 қазанында Маңғыстау облысы, Бейнеу ауданында дүниеге келген. 2002-2013жж. Ақжігіт ауылы, М.Бегенов және Ы.Алтынсарин аттарындағы орта мектептерінде білім алған.

2014-2018жж. жоғары білімді А.Мырзахметов атындағы Көкшетау университетінде «Қоршаған ортаны қорғау және өмір тіршілік қауіпсіздігі» мамандығын бітірген.

2019ж. бастап «Облыстық балалар мен жасөспірімдер туризмінің орталығында» экологиялық - биологиялық бөлімінің әдіскері қызметін атқарып келеді.

Қайта даярлау (қайта мамандану) және біліктілігін арттыру курстарынан өткен күні:

- 2019ж. Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің бұйрығына сәйкес Қазақстандық қайта даярлау және біліктілікті арттыру орталығында биологияны оқытудың педагогикасы мен әдістемесі бойынша «Биология пәні мұғалімі» біліктілігін арттырды (504 сағаттық, сертификат № СО-090023);

- 2020ж. Kazakhstan Amcorners Network ұйымдастыруымен «Экологиялық сауаттылық» тақырыбында онлайн семинарына қатысты (6 сағаттық, сертификат, 23-25 қараша).

Марапаттары:

- 2019ж. Қазақстан Республикасының кәсіподақ ұйымының «Ұжымдық реттеу арқылы әйелдерге әлеуметтік қолдау» сертификаты;

- 2019ж. Маңғыстау облыстық «Дарын» қосымша білім беру орталығының «Әбіш Кекілбаевтың 80 жылдығына» орай «Алғыс хаты»;

- 2020ж. Маңғыстау облыстық балалар мен жасөспірімдер туризмі орталығының «Алғысы».

Төремұрат Исмағұл Берікұлы
Экологиялық – биологиялық бөлімінің әдіскері

1998 жылы 23 қыркүйекте Маңғыстау облысы, Мұнайлы ауданы, Дәулет ауылында дүниеге келген. 2005-2016 жж. Мұнайлы ауданындағы №4 жалпы орта білім беру мектебінде білім алған.

- 2016-2020жж. М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінде «Биология пәнінің мұғалімі» мамандығын тәмамдаған.

Қайта даярлау (қайта мамандану) және біліктілігін арттыру курстарынан өткен күні:

- 2020ж. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығында Балаларға қосымша білім беру бағдарламаларын іске асыратын ұйымдардың педагогика



кадрларына арналған «Балаларға экологиялық білім берудегі Steam-технологиялар» тақырыбында біліктілігін арттырды (80 сағаттық, сертификат №0216);

- 2020ж. Kazakhstan Amcorners Network ұйымдастыруымен «Экологиялық сауаттылық» тақырыбында онлайн семинарына қатысты (6 сағаттық, сертификат, 23-25 қараша).

Марапаттары:

- 2016ж. «Аналар – асыл жандар» кешіне зор үлес қосып белсене қатысқаны үшін Дәулет ауылдық округі әкімінің «Мақтау қағазы»;

- 2018ж. М.Өтемісұлы атындағы БҚМУ «Иванов оқулары» ғылыми конференциясын ұйымдастыруға атсалысқаны үшін биология факультеті деканының «Алғыс хаты»;

- 2019ж. «Аңыз тұлғаға құрмет» сайысын ұйымдастыруға белсене атсалысқандығы үшін Орал қаласының мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі басшысының «Алғыс хаты».

АҚПАРАТТЫҚ – ТАЛДАУ БӨЛІМІ

Тұрақбаева Асемкан Жайлыбайқызы
Ақпараттық-талдау бөлімінің жетекшісі



1986 жылы 25 наурызда Түркменстан Республикасы, Мары облысында дүниеге келген. 1992-2003 жж. Алматы облысы, Іле ауданы, Ақши ауылындағы №8 орта мектепте білім алған. Жоғары білімді.

- 2003-2006жж. Маңғыстау гуманитарлық колледжінің «Бастауыш сынып» мамандығы бойынша, 2010-2013жж. Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық институтында «Психология» мамандықтарын тәмамдаған.

- 2006ж. Алматы облысы, Іле ауданы, Ақши ауылдық ауруханасында оператор;

- 2012-2019жж. Маңғыстау облыстық оқу-әдістемелік және қосымша білім беру орталығы, тәрбие бөлімінің әдіскері;

- 2019ж. Облыстық балалар мен жасөспірімдер туризмінің орталығы, ақпараттық-талдау бөлімінің жетекшісі.

Қайта даярлау (қайта мамандану) және біліктілігін арттыру курстарынан өткен күні:

- 2020ж. Біліктілік санатын беру (растау) үшін педагог қызметкерді және оған теңестірілген тұлғаны аттестаттау куәлігі екінші (педагог-модератор) біліктілік санаты берілді (2020ж. «25» желтоқсан №57 нқ бұйрық).

Марапаттары:

- 2016ж. Маңғыстау облысы білім басқармасының «Құрмет» грамотасы;

- 2019ж. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Алғыс» грамотасы.

Жеткізген Жиде Баулыбайқызы Ақпараттық-талдау бөлімінің әдіскері

1954 жылы Маңғыстау облысы, Таушық селосында дүниеге келген. Қарағанды мемлекеттік университетін бітірген, жоғары білімді, қазақ тілі мен әдебиеті пәні оқытушысы, жоғары санатты ұстаз.



Марапаттары:

- 2001ж. Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 10 жылдығына орай Елбасы Н.Назарбаевтың «Алғыс хаты»;
- 2005ж. «Қазақстан Республикасының Білім беру ісінің құрметті қызметкері» белгісі;
- 2009ж. «Б.Алтынсарин» атындағы төс белгісі және Маңғыстау облысының құрылғанына 35, 40 жыл

мерекелік медальдары;

- 2016ж. ҚР Тәуелсіздігінің 25 жылдық, Ақтау қаласының 55 жылдық медалі;
- 2020ж. ақын А.Құнанбаевтың 150 жылдығына орай төсбелгісі.

Облыс оқушылары мен мұғалімдері арасында 30 жылдан бері жүргізіліп келе жатырған **«Маңғыстаунама»** танымдық жобасының, ҚР Білім және ғылым министрлігінде бекітілген **«Қазақ тілі грамматикасын тиімді оқыту»** кесте-сызбалар топтамасының, облыстық, аймақтық, республикалық деңгейде өтетін оқушылардың **«Әбіш оқулары»** байқауы жобасының, республикалық **«Өрлеу» БАҰО»** бекіткен **«Сыныптан тыс және мектептен тыс жұмыстарды ұйымдастыру»** әдістемелік нұсқаулығының авторы.

5-7 сыныптарға арналған **«Өлкетану»** оқулығын құрастырушылардың бірі.

«Сабақтан кейінгі қосымша білім беру жұмыстарын ұйымдастыру»;
«Сынып жетекшісі жұмысының басым бағыттары: ұйымдастыру, жоспарлау, бақылау»;
«Бастауыш сынып мұғалімдеріне қазақ тілі грамматикасын үйретудің тиімді жолдары»;
«Вариативтік сағаттар: Ұйымдастыру, жоспарлау, бақылау» тақырыптарында мұғалімдер арасында біліктілік арттыру тақырыптарында лекция оқиды.

«Назарбаев Зияткерлік Мектептерінің» ДББҰ Педагогикалық шеберлігі әзірлеген ҚР орта білім мазмұнын жаңарту қазақ тілді мектептердегі «Қазақ тілі» мен «Қазақ әдебиеті» пәндері бойынша біліктілік арттыру курсының 160 сағаттық білім беру бағдарламасын бітірген пән тренері.

Қосанова Нұршат Таңжарыққызы
Ақпараттық-талдау бөлімінің әдіскері

1984 жылы Маңғыстау облысы, Маңғыстау ауданы, Шебір ауылында дүниеге келген. Білімі жоғары.

- 2002-2007жж. Ш.Есенов атындағы Ақтау мемлекеттік университетіне түсіп, «Инженер эколог» мамандығын, 2012-2015жж. Ш.Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университетінде «Информатика пәнінің мұғалімі» мамандықтарын бітірген.

- 2007ж. Маңғыстау облысы, ҚР Қорғаныс істер департаментінде радиомеханик;

- 2012ж. Ш.Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университетінде оператор;

- 2016ж. Гимназия сыныптары бар №20 М. Әуезов атындағы жалпы білім беру орта мектебінің «Информатика» пәні мұғалімі;

- 2017ж. «Маңғыстау облыстық мүгедектерді оңалту орталығында» әлеуметтік жұмыс жөніндегі маман;

- 2019ж. бері Облыстық балалар мен жасөспірімдер туризмінің орталығы, ақпараттық-талдау бөлімінің әдіскері.



Қайта даярлау (қайта мамандану) және біліктілігін арттыру курстарынан өткен күні:

- 2016ж. Астана қаласындағы «Педагогика және Психология» орталығының ұйымдастыруымен педагогтардың және психологтардың білім беру сапасын жақсарту, заманауи білім беру үлгісін жетілдіру және жаңаландыру. Педагогтар мен психологтардың кәсіптік шеберлігін жоғарлату аясында білім алғаны үшін (36 сағаттық, сертификат № 000973)

- 2016ж. Маңғыстау облыстық дарынды балаларға арналған қазақ-түрік мамандандырылған мектеп-лицей-интернатының «Робототехниканы мектептің білім кеңестігіне енгізу» (36 сағаттық, сертификат № 0054);

- 2016ж. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Қазақстан инновациялық университеті ұйымдастырған «SMART оқыту негізінде мультимедиялық кеңістікті құрастыру» (72 сағаттық, сертификат № 01-197);

- 2016ж. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Қазақстан инновациялық университеті ұйымдастырған «Информатика сабағында заманауи құрал-жабдықтарды тиімді пайдалану» (36 сағаттық, сертификат № 02-26);

- 2020ж. Республикалық оқыту және біліктілікті арттыру орталығында «Алғашқы дәрігерге дейінгі медициналық көмек көрсету» тақырыбы бойынша біліктілікті арттыру курсынан өткен (36 сағаттық, сертификат № 000034).

Марапаттары:

- 2019ж. «Ұлы өнертапқыштыққа алғашқы қадам» идеялар республикалық байқауынан ҚР Білім және ғылым министрлігі Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығының «Алғыс хаты» мен «Сертификаты»;

- 2019ж. Маңғыстау облысының «Дарын» қосымша білім беру орталығының «Әбіш Кекілбаевтың 80 жылдығына» орай «Алғысы»;
- 2020ж. «Табиғатты аяла» жас өлкетанушылар, экологтар мен табиғат зерттеушілерінің республикалық форумына қосқан үлесі үшін ҚР Білім және ғылым министрлігі Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығының «Алғыс хаты» мен «Сертификаттары» .

Әлжан Жансая Қонысбайқызы
Ақпараттық-талдау бөлімінің әдіскері

1994 жылы 11 наурызда Маңғыстау облысы, Ақтау қаласында дүниеге келген. 2000-2011жж. Бейнеу гимназиясы мектебінде білім алған. 2011-2015жж. жоғары білімді Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университетінде «Есептеу техникасы және бағдарламалық қамтамасыз ету» мамандығының бакалавры бойынша алған.



- 2016-2017жж. Бейнеу политехникалық колледжінде зертханашы;

- 2017-2020жж. Бейнеу политехникалық колледжінде арнайы пән мұғалімі;

- 2020ж. бастап Облыстық балалар мен жасөспірімдер туризмінің орталығында ақпараттық – талдау бөлімінің әдіскері.

Қайта даярлау (қайта мамандану) және біліктілігін арттыру курстарынан өткен күні:

- 2018ж. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Кәсіпқор» холдингі» комерциялық емес акционерлік қоғамы Кәсіптік білім беру орталығында «Қазақстан Республикасының техникалық және кәсіптік білім беру жүйесінде кәсіпкерлік қызмет және қаржылық-құқықтық сауаттылықты дамыту» (72 сағаттық, сертификат № 033/2);

- 2019ж. Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің бұйрығына сәйкес Қазақстандық қайта даярлау және біліктілікті арттыру орталығында информатиканы оқытудың педагогикасы мен әдістемесі бойынша «Информатика пәні мұғалімі» біліктілігін арттырды (504 сағаттық, сертификат № СО-070039);

- 2019ж. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Кәсіпқор» холдингі» комерциялық емес акционерлік қоғамы Кәсіптік білім беру орталығында «Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының білім беру процесіне ІТ-технологияларды енгізу» (72 сағаттық, сертификат № 757).

Марапаттары:

- 2017ж. Бейнеу политехникалық колледжінің бастауыш кәсіподақ ұйымының «Алғыс хаты»;

- 2018ж. Диплом, колледжішілік жас мамандар арасындағы «Жас маман - 2018» сайысында ІІІ орын;

- 2018ж. «Ұлағатты ұстаздар әлемі» ұйымының «Құрмет грамотасы»;

- 2019ж. Жұмысшы мамандығының «Worldskills Beineu Polytechnic College» кәсіптік шеберлік чемпионатының колледжішілік кезеңін ұйымдастыруға және өткізуге қосқан зор үлесі үшін «Алғыс»;

- 2019ж. «ALTYN GASYR» шығармашылық орталығының «Құрмет грамотасы»;

- 2020ж. Маңғыстау облыстық техникалық және кәсіптік білім берудің оқу-әдістемелік кабинетінің «Алғысы».

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҚҰРАМНЫҢ САНДЫҚ КӨРСЕТКІШТЕРІ

Кадрлық құрамды талдау ұжымының тәжірибелік-эксперименттік қорытындысы бойынша педагогтар жұмыс жүргізе алатындығын көрсетеді. Жұмыс істейтін жалпы қызметкерлер саны -23.

Жұмыс өтілі бойынша:

2 жылдан аз	2 жылдан 5 жылға дейін	6 жылдан 10 жылға дейін	11жылдан 20 жылға дейін	21 жылдан және одан да жоғары
3	9	2	-	4
14%	42%	9%	0%	19%

Білімі бойынша: жоғары педагогикалық білімі бар – 8, жоғары кәсіби білімі бар – 11, кәсіптік және педагогикалық білімі бар арнайы орта білім – 2.

Жасы бойынша:

30 жасқа дейін	31-40	41-50	51-60
9	7	1	4



ӘЛЕУМЕТТІК ҮНТІМАҚТАСТЫҚ ҚҰРЫЛЫМ

Орталық білім басқармасының келісімімен Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы, «Облыстық оқу-әдістемелік және қосымша білім беру орталығы», Облыстық «Дарын» қосымша білім беру орталығы, «Маңғыстау облысы бойынша Экология департаменті», «Ішкі істер департаменті», «Батысқазжерқойнауы» өңірлік геология департаментінің инспекциясы, «Маңғыстау облысының тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің сапасы мен қауіпсіздігін бақылау департаменті», «Маңғыстау облысының инвестициялар және туризмді дамыту басқармасы», «Маңғыстау облыстық өмір салтын қалыптастыру орталығы», «Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы», «Ә.Кекілбаев атындағы облыстық тарихи-өлкетану музейі», «Маңғыстау мемлекеттік тарихи-мәдени қорығы», «Маңғыстау экспериментальдық ботаникалық бағы», «Облыстық Мәдениет, тілдерді дамыту және архив ісі басқармасы», «Өрлеу» БАҰО» АҚ филиалы Маңғыстау облысы бойынша педагогикалық қызметкерлердің біліктілігін арттыру институты, «Турист» ЖШС мекемелерімен бірлестікте жұмыс жүргізіп отыр. Бұл мекемелермен бірлестікте түрлі бағытта семинар, байқау, конкурстар өткізілуде.

Білім басқармасының ұсынысымен, 2020 жылы қарашада Маңғыстау облыстық Қоғамдық кеңесінің шешімімен оқушыларға экологиялық білім беруді ұйымдастырудағы педагог кадрларды дайындау және біліктілігін көтеру саласындағы олқылықтарды жоюға бағытталған «Аймақтық экологиялық білім беруді үйлестіру кеңесі» құрылды.



ОРТАЛЫҚТА АТҚАРЫЛҒАН ЖҰМЫСТАР

Орталықты ҚР Білім және ғылым министрлігінің 10.02.2015ж. №60 бұйрығымен бекітілген «Қазақстан Республикасында балалар мен жасөспірімдердің туризмін дамытудың «2015-2018 жылдарға арналған тұжырымдамалық тәсілдерін іске асыру», «Қазақстан Республикасының туристік саласын дамытудың 2019-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы» іс-шаралар жоспарын басшылыққа ала отырып, «Білім беру ұйымдарында өлкетану және туризм бағыттары бойынша әдістемелік көмек жұмыстарын жетілдіру» проблемасы бойынша жоспарлы жұмыс жүргізіп келеді.

2017-2020 жылдар арасындағы білім беру ұйымдарындағы туристік, экологиялық үйірмелерге қамтылғандар мәліметі

	Жылдар	Қамтылғандар саны		
		Экологиялық үйірмелерге қатысушылар саны	Туристік, өлкетану үйірмелеріне қатысушылар саны	Барлығы
1	2017	3209	4596	7805
2	2018	2555	2041	4596
3	2019	3928	3930	7858
4	2020	3585	2185	5770
	Барлығы	13257	12719	25976

Орталықтың ұйымдастыруымен, 2017 жылы **726** оқушы мен мұғалімді қамтыған **16** шара, сәйкесінше: 2018 жылы **1122, 29**, 2019 жылы **2488, 37**, 2020 жылы **1047, 32**, барлығы 5383 адамды қамтыған **96** шара өткізіліп, 2017 – 2020 жылдардағы жоспарланған іс-шаралардың **81,4** %-ы орындалды.

Педагог кәсібінің беделін және кәсіби даярлығын арттыру

Туристік, өлкетану, экологиялық білімдерін арттыру, тәжірибе алмасу және креативтік ұстаздарды анықтау мақсатында 2017 жылы - **140**; 2018 жылы - **305**; 2019 жылы - **623**; 2020 жылы - **305**, барлығы - **1556** адамды қамтыған **25** семинар және әдістемелік кеңестер мен курстар ұйымдастырылды. Аудандық/қалалық білім беру бөлімдеріне өткізілген семинар, дөңгелек үстелдердің қорытындысының ұсыныстар мен пікірлер хаттамасы жолданды.



Р/с	Шараның атауы	Ұсыныстар
2017 ж.		
1	Туризм саласы қызметкерлерінің әдістемелік-үйлестіру кеңесінің І отырысы	Білім беру ұйымдарында туристік үйірмелер ашу; Білім бөлімдеріне туризм жұмысын үйлестіруші жауапты мамандар алу;
2	Туристік слетті ұйымдастырушылар мен қазылар алқасы мүшелеріне арналған семинар-практикум	Слеттің қауіпсіздік шараларын бекіту; Қатысушыларды автокөлікпен қамтамасыз ету; Қазылар алқасы құрамына өңірлік туризм басқармасынан өкілдер алу;
3	«Туған өлкені танудағы ұйымдастырылатын жорық барысында балаларға экологиялық мәдениетті қалыптастыру» дөңгелек үстел	«Қоршаған орта экологиясы» оқу-әдістемелік құралын сабақтарда қолдану; Білім беру ұйымдарын «Табиғатпен үндес мектеп, балабақша, колледж» байқау ережесімен қамтамасыз ету; Жорық кезінде жиналған өсімдіктер мен ерекше табиғи материалдарды мектеп музейлеріне тапсыру;
4	«Техникалық шығармашылық бағыттағы жұмыстарды үйлестіруде инновациялық идеяларды қолдану» семинар	Облыс мектептерінде «Робототехника» үйірмесін жандандыру; «Механикалық ойыншықтар» үйірмесін ашу; НЗМ оқушыларының жұмыстарымен таныстыру;
5	«Роль и места школьного музея, Паспортизация школьных музеев»	Мектеп музейлерінің экспонаттарын белгілеу, тіркеу, сақтау жұмыстарын тиісті деңгейде жүргізу; Музейлерге жауапты мұғалімдерге еңбекақы төленуін қаперге беру;
2018 ж.		
1	«Қосымша білім беруде туризм және өлкетану үйірмесінің маңызы» дөңгелек үстел	Аудандық, қалалық білім бөлімдеріне қарасты мектепке дейінгі және жалпы білім беру ұйымдарының көкалдандыруын қолға алып, облыстық «Табиғатпен үндес мектеп» пен «Табиғатпен үндес балабақша» конкурстарына қатысушылар санын арттыру;
2	«Білім алушыларға білім беруде экотуризмнің алатын орны»	Облыс, республика көлеміндегі тәжірибелі оқытушыларымен тәжірибие алмасу ретінде тоқсанына бір рет шеберлік сыныптар, семинарлар, т.б.іс-шаралар ұйымдастыру;
3	«Білім алушыларға қосымша білім беруде мектеп мұражайының алатын орны» мектеп мұражай	Сабақтармен, оқу-тәрбиелік процесімен, пәндік үйірмелер және факультативтермен шектеулі байланыс орнату;

	жетекшілеріне арналған облыстық семинар	Бұқаралық ақпарат құралдары арқылы музей жұмыстарын насихаттау мақсатында виртуалды турлар ұйымдастыру;
4	«Білім беру ұйымдарындағы туризм, экология, өлкетану жұмыстарының материалдық тұрғыдан жабдықталу» бағытындағы үйірмелердің жұмыстарын зерделеу	Жалпы және қосымша білім беру ұйымдары педагогтарының туризм, экология, өлкетану бағыттарында жүргізілетін жұмыстарын жақсарту мақсатында жүрмелі әдістемелік күндер өткізу;
2019 ж.		
1	«Балалар мен жасөспірімдер арасында туристік, өлкетану және экологиялық жұмыстарды дамыту мәселелері»	Түпқараған ауданының туристік-өлкетану саласындағы іс-тәжірибиесін облыс көлемінде тарату; Бейнеу ауданының білім беру ұйымдарында экологиялық білім беру жұмыстарын зерделеу, танысу мақсатында облыс деңгейінде жүрмелі семинар кеңесін ұйымдастыру;
2	Мектептегі туристік-өлкетану бағытындағы жұмыстардың тәжірибесі	Түпқарған ауданының туризм бойынша жеткен жетістіктерін, жорықтарын кітапша ретінде шығару; Өлкеміздің мұғалімдері оның ішінде туризм-өлкетану үйірме жетекшілері арасында жаяу жорықтар ұйымдастыру;
3	Туристік-экологиялық, өлкетану сабақтарын қашықтықтан оқыту: «Мектеп мұражайын ұйымдастыру туралы»	Мектеп музейінің арнайы іс-қимыл жоспарын жасақтап, бекітіп, оның орындалысын бақылауды күшейту; Мектеп музейлерінде «Өлкетану» оқулығы бойынша сабақтар жасақталып, саяхат сабақтарын өткізу;
4	Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар; Рухани жаңғыру» мақаласын жүзеге асыру мақсатындағы «Туған жер» бағдарламасы аясында БЖҒМ арнайы тапсырмасымен қолданысқа енгізілген «Өлкетану» оқулығы бойынша саяхат сабақтарын ұйымдастыру	«Өлкетану» оқулығы курсына 5,6,7 сынып оқушыларын толық қамту. Аудандар мен қалалар арасында оқушылардың тарихи-мәдени орындарға барудың саяхаттарын ұйымдастыру; Саяхат сабақтардан басқа қалған 15 сағат бойынша мұғалімдердің күнтізбелік жоспарын жасауға әдістемелік көмек ұйымдастыру;
5	«Мектеп жылыжайындағы жұмыстарды үйлестіру»	Мектеп жылыжайларының бизнес жоспарын құру; Мектеп жылыжайында өтетін сабақтар кестесін жасақтау;
6	«Оқушылардың демалысында туристік жазғы шатырлы лагерьлерді	Білім беру ұйымдарында туристік материалдық-техникалық базаны құру, жақсарту жұмыстарын қолға алу;

	ұйымдастыру»	Аудан/қала арасында эстафета түрінде шатырлы туристік лагерь ұйымдастыру;
7	«Туризм ісіндегі қауіпсіздік шаралары туралы»	Педагогтардың теориялық, практикалық біліктіліктерін арттыру мақсатында облыстық, республикалық деңгейдегі курстарға қатыстыру; Қауіпсіздік шараларын жетік меңгеру мақсатында практикалық бағытта жұмыстар ұйымдастыру,
8	«Үстірт қорығына ұйымдастырылған саяхатпен таныстыру»	Семинарға қатысушы белсенді мұғалімдердің үздік саяхат сабақтарын ұйымдастыру; «Үстірт қорығы» туралы бейнеролик дайындау; Облыс оқушыларының қорыққа бару саяхаттарын ұйымдастыру;
9	«Бейнеу ауданының білім беру мекемелерінде оқушыларға экологиялық тәрбие беру іс-тәжірибесі»	Жаңа оқу жылынан бастап аудандық, қалалық деңгейдегі тақырыптық экологиялық семинарлар ұйымдастыру;
10	«Экологиялық білім берудің әдістері»	Жаратылыстану пәндерінде экологиялық білім беруде оқушыларға ең маңызды іс-шара үйірме жұмыстары екендігі және ғылыми жұмыстар жүргізіп іздену жұмыстарын жиі өткізу;
2020 ж.		
1	«Өлкетану» оқулығы: Саяхат сабақтарын ұйымдастырудың тиімді жолдары	«Өлкетану» курсы бойынша саяхат сабақтардың әр аудан/қала бойынша жеке маршруттар жобасын жасақтау; «Өлкетану» курсы жүргізетін мұғалімдердің үздік авторлық бағдарламаларын жинақтау, іс-тәжірибелерін тарату; Орталықтың сайтына мұғалімдердің өлкетану сабақтарының бейнероликтерін және Түпқараған ауданы, Г. Айдаров атындағы №1 мектеп-лицейінің география пәні мұғалімі Абдуллаева Ақтотының «Маңғыстау ауданының географиясы» кітабын енгізу; Әр аудан/қаланың жеке өлкетану оқулығы жобасын дайындау.

2	«Экологиялық проблемалардың жасөспірімдердің дамуына әсері» семинар-кеңес	Ерекше білім алуды қажет ететін және балаларға берілетін білім мен емдеу қызметін жақсарту, жасөспірімдердің таза ауада демалуын ұйымдастыру, «Таза қала», «Таза ауыл» акцияларын дәстүрлі ұйымдастыру және осы жұмыстарды үйлестіріп отыратын «Экологиялық педиатрия» бөлімдерін ашу;
3	«Белсенді туризм түрлері және оның функциялары»	«Белсенді туризм түрлері» практикалық жұмыстарын қолдану бойынша сабақтарды жиі өткізу;
4	«Мектеп жылыжайларында тәжірибелік жұмыстарын жүргізу жолдары»	Мектептерде жасыл өсімдіктерді қорғау және молайту бағытында жұмыс жасайтын үйірмелерді көбейту және жылыжайлардың көкөніс өсіру жөніндегі озық тәжірибелерін жергілікті тұрғындар арасында кеңінен насихаттауды;
5	"Экотуризм - оның маңызы мен болашағы" тақырыбында білім беру ұйымдарының педагогтері арасындағы облыстық әдістемелік кеңесі	Экотуризмді дамыту бағытындағы әдістемелік жұмыстарды одан әрі жалғастыру;
6	«Музей педагогикасы – тұлғаның жалпы мәдени құзыреттілігін дамытатын инновациялық технология» дөңгелек үстел	Педагогтарға білім беру ұйымдарында туристік-өлкетану бағытындағы жұмыстарын жандандыру мақсатында, тоқсанына 1 рет іс-тәжірибелерімен бөлісу үшін шеберлік-сыныптар ұйымдастыру;

298 мұғалім төмендегідей облыстық, республикалық байқауларға, танымдық шараларға қамтылды:

2018-2020 жылдары аралығында орталықтың іс-шаралар жоспарына сәйкес, «Еуропа-Азия» облыстық туристік фестивалі мұғалімдер арасында ұйымдастырылып келеді.

2018 жылғы «Еуропа-Азия» облыстық туристік фестивалі Маңғыстау ауданы, «Ақмыш» демалыс орны базасында өтті. Фестивальдің ережесіне сәйкес,



15 мамыр күні қатысушылар «КТК ретінде команданың үздік таныстырылымы», «Туристік әндер», «Туристік дағды мен тұрмыс», «Көңілді ойындар» кезеңдеріне қатысып, «Экологиялық соқпақ» номинациясында қатысушылар жергілікті жердің бағдарының соқпағынан өте отырып, экологиялық карта құрып, оны плакатқа сызып, шартты белгілермен рәсімдеді.



күрып, оны плакатқа сызып, шартты белгілермен рәсімдеді.

16 мамыр күні ең ауқымды этап «Туристік бақылау маршруты» қашықтығында қатысушылар аспалы жол мен параллельді өткелден, траверспен буреломнан өту, бабочка, маятник, спуск-подъем, жарақаттанушыға алғашқы медициналық көмек көрсету және «Гусиный шаг» этаптарынан өтті. Сондай-ақ, қатысушылардың «Туризм туралы үздік бейнероликтер», «Жорық есебі», «Фотосуреттер», «БАҚ-та жарияланған балалар-жасөспірімдер туризмі туралы мақалалар» номинацияларына қатысқан материалдары сырттай бағаланды. I орын – Түпқараған ауданы, М.Горький мектеп-лицейінің «Көкбөрілер» тобына берілді.

2019 жылы 17-20 қыркүйек күндері аралығында Орал қаласында өткізілген республикалық фестивалде Жаңаөзен қаласының педагогтерінен құралған команда «Туризм туралы бейнефильм», «Тоғызқұмалақ», «Эстафета қашықтығы», «Шахмат» номинациялары бойынша жүлделі I, II, III орындарға ие болды.

Білім басқармасының 2020 жылға арналған іс-шаралар жоспарына сәйкес, халықаралық туризм күніне орай ағымдағы жылдың 28 қыркүйек күні педагогтардың туристік және кәсіптік шеберліктерін шыңдау, туристік - өлкетану бағыты бойынша озық тәжірибе тарату, салауатты өмір салтын насихаттау мақсатында жалпы орта, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының педагогтары арасында облыстық «Еуропа – Азия» туристік фестивалі қашықтықтан өткізілді.

Фестивальге жалпы орта, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының педагогтарынан құралған 7 топ қатысты.

Фестиваль ережесіне сәйкес қатысушылар «Бард әндері», «Балалар туризмі туралы бір үзік сыр», «Туристік-өлкетанулық фотосуреттер», «Туризм туралы бейнефильм», «Біріктірілген туризм» номинациялары бойынша бейнероликтерін жолдап, барлығы 31 жұмыс қаралды.



Жүлделі орынмен Маңғыстау ауданы, Шетпе гимназиясы мен Жармыш орта мектебінің «Биіктік» және Мұнайлы ауданы, №12 және №15 орта мектептерінің «Эверест» топтары марапатталды. Сонымен қатар, туған өлкенің табиғи және тарихи-мәдени мұраларын сақтау арқылы азаматтыққа тәрбиелеу, ой-өрісін кеңейту, шығармашылық-танымдық, интеллектуалдық қабілеттерін дамыту және өлкетанулық білімін жетілдіру мен өлкетану үйірмелері жетекшілерінің рухани – мәдени мұраларды сақтау, ел тарихын танып білу және ішкі туризмді дамыту бағытында жүргізіп отырған жұмыстарын насихаттау мақсатында «Туристік өлкетану қызметін үздік ұйымдастырушы», «Шеберлік сынып сағаттары», «Каспий круизи», «Үздік ашық сабақ», «Сарайшық жеріне виртуалды саяхат», «Далалық зерттеу жұмыстары», «Үздік мектеп музейі», «Мектеп жылыжайы», «Мектеп үйірмесі», «Табиғатпен үндес мектеп», «Экологиялық пилоттық жобалар» т.б. облыстық байқаулары мұғалімдер мен білім беру ұйымдары арасында өткізіліп келеді.



Жас мұғалімдерге арналған туған өлкенің табиғи және өлкетанулық білімін жетілдіру мақсатында «**Каспий круизи**» танымдық шарасы ұйымдастырылды. Шара кемемен серуендеу бағытында өтті. Қатысушыларымызға орталықтың туристік-өлкетану бөлімінің мамандары саяхат бағдарламасына сәйкес туристік жұмыстарды теориялық бағыт негізінде түсіндіріп және алау жағу, шатыр құру, жасанды жартасқа шығудағы сақтық шаралары кезіндегі арқанды байлау әдістерін, үздік фото сайысын, туған өлкеміздің жеті кереметі жайында тапсырмалар мен сұрақтар қойылып, бард әндері орындалды.



Отбасы құндылықтарының маңызын дәріптеу, балалар мен ата – аналардың өлкетану, туризмге деген қызығушылықтарын арттыру, салауатты өмір салтын насихаттау мақсатында педагог отбасыларының арасында 2019 жылы ұйымдастырылған «**Әкем, анам және мен – туристік отбасы**» байқауына 7 педагог отбасы, 2020 жылы «**Туризм – салауатты өмір салты**» тақырыбындағы жарысқа 5 отбасы қамтылды.

Мұғалімдердің кәсіби беделін арттыруға ықпал ететін республикалық «**Үздік педагог**» конкурсынан 2019 жылы Маңғыстау ауданы, Өтес орта мектебінің география пәні мұғалімі, үйірме жетекшісі Г.Надилова және 2020 жылы Мұнайлы ауданы №3 орта мектебінің география пәні мұғалімі және мектеп музейінің жетекшісі Қ.Байназаров жүлделі орындарға ие болды және Г.Надилова 2020ж «**Әлем мұғалімі**» халықаралық конкурсының номинанты атанды.

2020ж Батыс Қазақстан облысында алғаш рет ұйымдастырылған қазақтың тұңғыш бард әншісі, көрнекті сазгері Табылды Досымовқа арналған «**Тау тұлғалы -**



Табылды» атты аймақтық қашықтық конкурсынан Бейнеу ауданы, Опорный орта мектебінің музыка пәні мұғалімі Тәжімұқанов Дәурен жүлделі II орынды иеленді.

Білім алушылардың өлкетану, туристік, экологиялық бағытта мектептерде алып отырған білімдерін шыңдау, мұғалімдері мен оқушылардың жұмыстарын насихаттау жалпы қызығушылықтарын ояту мақсаттарында үш жыл ішінде 4576 оқушыны қамтыған 54 шара ұйымдастырылды.

Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың Болашаққа бағдар: «Рухани жаңғыру» мақаласындағы «Туған жер» бағдарламасы жобасы аясында жалпы және қосымша білім беру ұйымдарындағы оқушылардың белсенді өмірлік ұстанымдарын қалыптастыру, отаншылдық және азаматтыққа тәрбиелеу, дарынды және талантты балаларды анықтау, сонымен қатар Қазақстанның геология ғылымының үздік іс-тәжірибелерін насихаттау, геологиялық өлкетануды дамыту, оқушылар арасында өлкенің тарихи-мәдени мұрасын насихаттау, олардың ізденушілік, ғылыми-зерттеу жұмыстарының белсенділігін арттыру және білім берудің, тәрбиелеудің кеңістігі ретінде мектеп музейі қызметін қалыптастыра отырып, жасөспірімдерді қазақстандық патриотизмге, туризмге еңбегі сіңген қайраткерлерді үлгі тұту арқылы Отанды сүю, туристік-



өлкетану қызметін белсендіру мақсаттарында «Қойнауы сырға толы ауылым» туристік-өлкетану экспедициясы, «Жас геолог», «Ең үздік гид экскурсовод», «Абайтану» экспозициясын таныстырушы экскурсоводтар, Жерлес ғалым - зерттеуші С.Қондыбайдың ізімен «Жас саяхатшы», «Әке көрген-оқ жонар» облыстық байқаулары оқушылар арасында өткізілді.

Көп ұлтты Қазақстан мәдениетін және өзге ұлт дәстүрін сақтау, дамыту, әртүрлі ұлт балаларының шығармашылық талантын дамыту мақсатында 2019ж. облыста құрылған «Ұйғыр-Ақтау», «Эко-Қырғыз», «Лезгин-Ақтау» этномәдени бірлестігі өкілдері қатысқан «Қазақстанда тұратын басқа этностардың мәдени мұрасын, әдет-ғұрпын, салт-дәстүрлерін зерделеу бойынша өлкетану экспедициясы» байқауы өткізілді. «Ән», «Би», «Салт-дәстүр» көрініс, «Ұлттық тағам» сурет номинациялары бойынша қатысушылар өз өнерлерін көрсетті.

Білім алушыларды табиғатты қорғау қызметіне тарту, туған өлке табиғатына экологиялық бағдарланған қатынасқа тәрбиелеу мақсатында, 2019 жылғы 19 маусым күні Облыстық балалар мен жасөспірімдер туризмінің орталығында «Бүкіләлемдік қоршаған ортаны қорғау күніне» арналған облыстық декадаға әр аудан, қаладан барлығы 50 адам қамтылды. Байқауда «Әлем балалар көзімен» номинациясына қатысушылар белгіленген уақытта суреттер салып шықса, «Табиғат туралы» мәнерлеп оқу номинациясында Маңғыстау ақындарының шығармашылығынан өлеңдер оқыды, «Қалдықтардан жасалған бұйымдар» номинациясында берілген қалдық материалдардан өз ойларынан әртүрлі бұйымдар жасап және Қазақстанның қызыл кітабына енген өсімдіктер мен жануарлар туралы экологиялық квест сұрақтарына жауап берді.

Оқушыларға экологиялық білім беру жұмыстарын жандандыру мақсатында «Табиғатты аяла» жас экологтар, табиғат зерттеушілер мен өлкетанушылардың облыстық, республикалық форумы, «Туған өлкем- қандай көркем» деректі фильмдер байқауы, «Экодизайн» облыстық байқауы сияқты шаралар тұрақты өткізіліп келеді.

Облыстық білім басқармасының «Жасыл мектебім- жасыл мекенім» жобасы аясында 2020 жылдың 30 сәуір күні жалпы орта білім беру ұйымдарының білім алушылары арасында сырттай өткізілген «Экодизайн» облыстық байқауының «Жасыл әлем» фитодизайнерлер номинациясына қатысушылар жұмыстарын еркін стильде флористика ережесіне сәйкес табиғи - өсімдік материалдарынан жасаса, ал «Дәнді дақылдар әлемі» номинациясында түрлі дәнді дақылдарды қолдана отырып тақырыптық жұмыстар жасады. «Қалдықтардан - табыстарға» номинациясында әртүрлі тұрмыстық қалдық заттары мен қайталама шикізаттардан жасалған шығармашылық жұмыстар қабылданды. Байқау жеңімпаздары орталықтың дипломдарымен марапатталды.

2017-2020 жылы «Халықаралық туризм күні» аясында дәстүрлі түрде жыл сайын облыстық білім басқармасының іс-шаралар жоспарына сәйкес, балалар мен жастарда азаматтылық пен отаншылдық сезімдерін тәрбиелеу, экспедициялық жасақтардың туристік қызметін жандандыру жолымен салауатты өмір салтын насихаттау мақсатында «Менің Отаным – Қазақстан»



туристік экспедициялық жасақтарының облыстық слеті мен Техникалық және кәсіптік білім алушылар арасында облыстық туристік слеттері аудандық, қалалық, облыстық кезеңдері ұйымдастырылып өткізіліп келеді.



Үш жыл ішінде республикалық шараларға қатысқан оқушылардың жетістіктері де баршылық, 2017ж «**Менің Отаным – Қазақстан**» туристік экспедициялық жасақтардың республикалық слетінен Түпқараған ауданы, «Көкбөрілер» тобы командалық есеп бойынша I орынды иеленді.

2019ж. Ақмола облысында өткен республикалық слетте Түпқараған ауданы, М.Горький атындағы мектеп-лицейінің оқушысы А.Жұмабек жүлделі II орынмен; Қарағанды қаласында өткен «Табиғатты аяла» республикалық форумына қатысқан Бейнеу ауданы «Абай» орта мектебінің оқушылары Қ.Қарасаева мен Д.Аманходжаева және командалық жүлделі III орынмен;



Қостанай қаласында өткен «Қазақстан балалары шексіз әлемде!» балалар киносының республикалық фестивалінде «Ералаш» әзіл-сықақ номинациясынан Ақтау қаласы, №28 орта мектептің 8 сынып оқушысы М.Ихсан 1-ші орынмен; Талдықорған қаласында ұйымдастырылған «Ұлы өнертапқыштыққа алғашқы қадам» инновациялық идеялардың «Дарын» номинациясымен Маңғыстау ауданы, Тұщықұдық ауылы С.Жаңғабылов атындағы орта мектептің 10 сынып оқушысы М.Төлебаева Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығының «Дарын» дипломымен;



2020ж. республикалық «Табиғатты аяла» жас өлкетанушылар, экологтар мен табиғат зерттеушілерінің республикалық форумында «Жасыл экономика» номинациясынан Е.Айшуақұлы атындағы орта мектептің 10-11 сынып оқушылары А.Байжанова, П.Серік 2 орынмен; «Менің Отаным – Қазақстан» туристік экспедициялық жасақтардың республикалық слетінен Ақтау қаласы, №3 орта мектептің 9-10 сынып оқушылары Н.Нұрлыбаева, Н.Мәди 3 орынмен,



Бейнеу ауданы, Бейнеу лицейінің 10 сынып оқушысы Д.Мұратұлы 2 орындарымен марапатталды.

30 жыл көлемінде қалалық, облыстық деңгейде мыңжылдық тарихы бар өлке туралы оқушылардың ой-танымын кеңейту, өзіндік көзқарастарын қалыптастыру мақсатында білім алушылар арасында өткізілген «**Маңғыстаунама-2020**» облыстық танымдық байқауы дәстүрлі түрде өткізіліп келеді.



Саяхаттар, жорықтар

Оқу демалысы кезеңінде Маңғыстау өңіріне келген Көкшетау облысы мен Астана қаласының – 73 оқушысына, Бурабай ауылы – 36, Ақмола облысының – 15, Ақтөбе облысының – 50, «Табиғатты аяла» жас өлкетанушылар, экологтар мен табиғат зерттеушілерінің республикалық форумына келген 160 оқушыға, ҚР Халық жазушысы Әбіш Кекілбаевтың 80 жылдық мерейтойына арналған республикалық «Әбіш оқулары» байқауына келуші 150 оқушыға, халықаралық гроссмейстер Дәрмен Садуақасов атындағы кубогы үшін өтетін Халықаралық шахмат турнирінің-175, барлығы 709 оқушыға экскурсия ұйымдастырылды. Облыс оқушылары үшін де республика өңірлеріне саяхаттар ұйымдастырылады. «Ұлы даланың жеті қыры» бағдарламасы аясында Қазақстан Республикасының Президенті Назарбаевтың 05.10.2018 жылғы «Қазақстандықтардың әл-ауқатының өсуі: табыс пен тұрмыс сапасын арттыру» атты Қазақстан халқына Жолдауын жүзеге асыру жөніндегі жалпы ұлттық іс-шаралар жоспарының 98-тармағының «Өз



жерінді танып біл» бастамасына сәйкес «**Батыс Қазақстан өңірін таны!**» атты Орал қаласына 100 оқушы, Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президенті – Елбасы Қоры «Kazakh Tourism» ҰҚ» АҚ – мен бірлесіп 13-17 жас аралығындағы оқу озаттары, сонымен қатар, тұрмысы

төмен және көп балалы отбасылардан шыққан балалар үшін «Көшбасшы жолы» 3 күндік экскурсияға 40 оқушы апарылды. Елбасы Н.Ә.Назарбаев VIII Азаматтық форумда сөйлеген сөзінде жас ұрпақты волонтерлік қозғалысқа тарту мәселесіне көңіл аударды. Білім басқармасының іс-шаралары аясында облыстың білім беру ұйымдарында өскелең ұрпақты табиғи ресурстарды күту және сақтау мәселелеріне тарту мақсатында, барлық білім беру ұйымдарында экологиялық сағаттар өткізіліп, оқушылар мектеп ауласына ағаштар отырғызды. Көптеген білім ордаларында «**Қоршаған орта экологиясы**» үйірмелері жұмыс жасайды және арнайы сабақтар жүргізіледі.



Экосағат барысында 23774 білім алушы экосағатқа қатысып, мектеп аулаларына 4925 көшет отырғызды. Саяхатқа шығушы оқушылар өлкенің тарихи мәдени орындарында «Жасыл желек» акциясын жүргізіп келді. «**Біз таза қаланы қолдаймыз**» экологиялық волонтерлық акциясы жүргізілді. Орталықта елді мекендерді түрлі қоқыс қалдықтарынан тазарту жұмысына белсене қатысқан облыстың 50 оқушысына екі күндік саяхат шарасы ұйымдастырылып, олардың Каспий теңізі жағасындағы «Балдәурен» базасында демалысы ұйымдастырылды. Балалардың қауіпсіз және жайлы өмір сүру жағдайларын жақсарту мақсатында әлеуметтік жағдайы төмен және көп балалы отбасылардан шыққан балаларды түрлі шараларға тарту, оларға қолдау көрсету орталық Жарғысына сәйкес жүргізіліп келеді.

Облыс мектептеріндегі «Тәуекел тобындағы» балаларға уақтылы көмек көрсету, булингті болдырмау мақсатында ҚР діни экстремизм мен

терроризмге қарсы іс-қимыл жөніндегі 2013 - 2017 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының 25 - тармағын іске асыру бағытында 2017ж. жергілікті бюджеттен 500 000 теңге қаражат бөлініп, Түпқараған ауданының «Тамшалы», Маңғыстау ауданының «Отпан тау тарихи-мәдени кешені» мен «Шерқала - Ақмыш» демалыс орындарына саяхатқа 100 оқушы апарылды.

2018ж. облыстағы кәмелетке толмаған жасөспірімдер арасындағы құқықбұзушылықтың, өзге діни ағымдарға түспеудің алдын алу және қоғамдағы жат әрекеттерден сақтандыру мақсатында есепке алынған 100 оқушыны «Шакпақ Ата-Сұлтан үпі» тарихи орындарына және Маңғыстау ауданының «Отпан тау тарихи-мәдени кешені», «С.Қондыбайұлы мемориалдық музейіне», 2019жылы 135 баланы қамтыған «Ақмыш», «Шерқала», «Сұлтан үпі», «Шакпақ Ата», «С.Қондыбай мемориалдық музейі», «Отпан тау» тарихи-мәдени кешеніне саяхат ұйымдастырылып, екі жылға 1 000 000 теңге қаражат бөлінді.



2019ж. білім басқармасының «Демалыс күндеріндегі саяхат» жобасы аясында 6 бағытта: «Ақмыш» демалыс орны, «Сұлтан-Үпі» тарихи-мәдени кешені, «Саура» шатқалы, «Манашы сай» қыраты, «Шопан-Ата» жерасты мешіті, «Қызылқұм» демалыс орындары бойынша 280 оқушы екі күндік туристік шатырлы лагерьмен қамтылды.

Ақтау қаласы «INTELLEKTUM» лицейі әкімшілігінің сұранысына сәйкес 65-тей лагерь демалушыларына 2 күндік туристік шаралар; ҚР Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметінің «Арыстан» теңіз-жаттығу орталығы базасында 2017 және 2019 жылы 300 баланы қамтыған «Жас сарбаз» әскери-патриоттық лагеріне келушілеріне скалодромдарда жаттығу жұмыстары ұйымдастырылды.



Маңғыстау облысының білім басқармасы мен Маңғыстау облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының «Білім беру ұйымдарында экологиялық, туристік және өлкетану жұмыстарын дамыту туралы» 25.08.2020 жылғы (тиісінше №85 нқ және №01-04/97) бірлескен бұйрығымен іс-қимыл жоспар жасақталып, жұмыстар үйлестірілуде.

Қала, ауыл оқушыларының облыстық шараларға қатысу деңгейлерін зерделесек, жергілікті бюджеттің тиімді пайдаланылуынан ауыл балаларының мүмкіндіктерінің жоғарылағанын төмендегі кестеден көруге болады.

Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласында орындалуы тиісті міндеттердің ішіндегі «Туған жер» бағдарламасының тұжырымдамалық тәсілдерінің «Білім беру» іс-шарасында жалпы білім беретін мектептерде, ЖОО-да «Туған өлке тарихы» немесе «Өлкетану» факультативтік (міндетті) пәнін енгізу туралы БжҒМ-нде берілген тапсырмаға сәйкес облыс мұғалімдері дайындаған мектептерде «Өлкетану» пәні 5,6,7 сыныптарда жүргізіліп отыр.

Р/с	Нәтижелер көрсеткіштері	Өлшем бірлігі	Ақпарат көзі	2017	2018	2019	2020	Барлығы
1	Шараларға қамтылған оқушылар саны оның ішінде:		Орталық деректері	586	751	1716	476	3529
2	қала	%		37,0	40,1	33,9	28,6	35,7
3	ауыл			63,0	59,9	66,1	71,4	64,3

Орталықтың қызметкерлері «Өлкетану және виртуалды экскурсиялар дәстүрден - инновацияға», «Балалар мен жасөспірімдер туризмі және өлкетану бойынша үйірме жұмысын мектепте ұйымдастыру», «Балаларға жасөспірімдер туризмі және өлкетануға STEAM технологиясын енгізу», «Мұражай-өңіріндегі білім беру, тарихи және мәдени туризмді дамытудың маңызды ресурсы» тақырыптарында республикалық, облыстық семинар курстарынан біліктіліктерін арттырды.

Мұғалімнің мансаптық өсуінің жаңа жүйесіне сәйкес 2020 жылы орталықтың төрт әдіскеріне «педагог-модератор» біліктілік санаты берілді.

Орталықтың материалдық-техникалық базасы толықтай шешілмегенмен, қызмет сапасын жақсарту жөніндегі шараларды іске асыру нәтижесінде қызметкерлер 100 % компьютерлік техникамен қамтамасыз етілді, **10 078,6** млн теңгеге жиһаз бен жабдықтар алынды. Әлі күнге дейін жеке ғимарат берілмеген, туризм колледжінің 162,2 шаршы метрді қамтитын үш бөлмесі жалға алынып отыр. Мекемеге жеңіл көлікте, тасымал автобустары да бөлінбеген. Ал төмендегі кедергілер:

Бала саны шамадан тыс көп мектептерде туристік, экологиялық, өлкетану бағыттарындағы, жалпы вариативті сағаттардағы үйірме, студияларды ашу мүмкіндігінің төмендігі;

Баламен туризм бағытында саяхатқа, экспедицияларға шығуға тасымалдау автобустарының болмауы, заманауи туристік құрал-жабдықтармен мектептер және орталықтың қамтамасыз етілмеуі;

ЖОО туризм саласына кадрлар даярлауда педагогикалық білім берілмейтіндіктен, туризм мамандарының кең бейінді мектептен тыс ұйымдар желісінде қызмет жасау сәйкессіздігінің туындауы;

Туризм саласында мамандардың біліктілігін арттырудың жоспарлы жүйесінің болмауы;

Жалақы төмендігінен, кең бейінді мектептен тыс ұйымдар желісінде қызметті үйлестіруші, ұйымдастырушы кадрлардың басқа салаларға кетуінің жиіленуі;

Жазғы демалыстарда және өзге облыстардан өлкемізге саяхатқа келушілер үшін демалыс базасы, не жатақхананың жоқтығы;

Білім бөлімдерінің жанында туризм станцияларының, немесе осы бағыттағы жұмыстарды үйлестіруші жауапты мамандардың болмауы;

Дәрежелері, тәжірибелері бар, алайда, жастары ұлғайған кадрлардың қызметтерін жалғастыру мүмкіндіктерінің берілмеуі бүгінгі таңда облыстың білім беру ұйымдарының туризм бағытындағы қызметінің сапасына кері әсер етіп отыр.

ОРТАЛЫҚТА ДАЙЫНДАЛҒАН ӘДІСТЕМЕЛІК ҚҰРАЛДАР


Білім беру мен кәсіби даярлықтың сабақтастығы, үздіксіздігін қамтамасыз ету мақсатында Орталық үш жыл ішінде облыс педагогтеріне балалар арасында туристік – өлкетану жұмысын сапалы ұйымдастыру мақсатында «Шахта орта мектебі мұражайының қызметі», «Жалпы орта және қосымша білім беру ұйымдарының туристік-өлкетану бағытындағы жұмыстарын ұйымдастыруға арналған әдістемелік нұсқаулық», «Балалар мен жасөспірімдер туризмі нұсқаулығы», «Мектеп оқу-еңбек жылыжайы», білім басқармасының «10 туристік маршруттық» жобасының жадынамалары, 2020\2021 оқу жылының күнтізбесі, «2019-2020 оқу жылында атқарылған іс-шаралар жинағы», «Мектеп музейлері», «Маңғыстау облыстық балалар мен жасөспірімдер туризмінің орталығы портфолиосы», «Азимут» туристік-өлкетану және экологиялық ақпарат бюллетені, «Вариативті сағаттарды тиімді пайдалану» әдістемелік нұсқаулықтары дайындап, олардың электронды сілтемелері барлық бағынысты білім беру ұйымдары мен аудандық\қалалық білім бөлімдеріне жіберілді.Әлеуметтік желілерге «Қауіпсіздік белдігі», «Жіп байлау тәсілдері», «Алау түрлері», «Шатыр құру», «Мектеп жылыжайлары» «Біз үйрендік, сіз де үйреніңіз», «Мектеп музейлеріне виртуалды саяхат» бейнероликтері, «Маңғыстау мұғалімі» мен «Білімді ел» газеттеріне орталық қызметкерлерінің мақалалары жарияланды.



МЕКТЕП ЖЫЛЫЖАЙЫ: ІЗДЕНІС ПЕН ТӘЖІРИБЕ

Жеткізген Жиде Баулыбайқызы
Ақпараттық-талдау бөлімінің әдіскері

Елімізде жүзеге асып жатқан Қазақстан Республикасының «Жасыл экономикаға» көшу жөніндегі тұжырымдамасында, «Жасыл ел» республикалық бағдарламасында, Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» мақаласындағы «*Туған жер*» бағдарламасында өлкетану жұмыстарын жүргізуге, экологияны жақсартуға және елді мекендерді абаттандыруға ерекше мән беріледі. Осы бағдарламаларды жүзеге асыруда 2018 оқу жылы ішінде білім басқармасы білім берудің барлық деңгейінде жаратылыстану ғылымдарын оқыту сапасын күшейту мақсатында **«Жасыл мектебim – жасыл мекенim»** жобасын білім беру ұйымдарына енгізді. Жобаның ең ауқымды шарасы - білім беру нысандары жанынан жылыжайлар салу және оларды білім мен тәрбие үрдісіне пайдалану болатын.



Облыстың білім беру ұйымдарында мектеп әкімшіліктерінің бастамасымен 2007 жылдан (*2007 жылы алғаш ашылған Маңғыстау ауданы, Өтес орта мектебі жылыжайы*) 2017 жылға дейін 9 жылыжай жұмыс жасаған. Жоба аясында бүгінгі таңда 37 жылыжай ашылып, білім беру ұйымдарында барлығы 46 жылыжай салынған. Мектеп жылыжайларының жұмыстарын жақсарту, бір ізге түсіру мақсатында жыл сайын **«Мектеп жылыжайы»** облыстық байқауы ұйымдастырылып келеді.

«Жасыл мектебim-жасыл мекенim» жобасында бес бағыт алынған:

- Бірінші бағыт: *Тамшылатып суару арқылы жылыжай салу;*
- Екінші бағыт: *Мектеп аумағын көгалдандыру, абаттандыру;*
- Үшінші бағыт: *Оқушылардың кәсіпкерлік дағдыларын дамыту;*
- Төртінші бағыт: *Оқушылар үшін оқу-зерделеу алаңын құру;*
- Бесінші бағыт: *Бюджеттен тыс қаржыландыру көзін тарту.*

Міне, жылыжайда жобаның бағыттары негізінде жұмыстар үйлестіріледі. Осы бағыттардың ішінде ең маңыздысы – үшінші бағыт. Яғни, жылыжайға оқушыларды тарта отырып, біз оларды белгілі бір агро бағытындағы бағбаншы, дихан, агроинженер қызметтеріне бейімдеп, кәсіпке икемдей бастаймыз. Алған өнімдердің құнын шығару, оны сату жұмыстарын үйрене отырып, оқушы бизнес жобалар жасауға ынталанады.

Аудан\қалалардағы жылыжай мәліметі

№	Аудан/қала	2017 жылға дейін	2018 жылы ашылған	2019 жылы ашылған	Барлығы
1	Ақтау қаласы	-	2	-	2
2	Бейнеу ауданы	1	3	5	9
3	Жаңаөзен қаласы	3	4	2	9
4	Маңғыстау ауданы	1	6	3	10
5	Мұнайлы ауданы	3	2	2	7
6	Түпқараған ауданы	-	2	-	2
7	Қарақия ауданы	1	1	5	7
	Барлығы	9	20	17	46

Жылыжайда жұмыс жылыжайдың паспортын дайындаудан басталып, білім беру ұйымының бұйрығын, жылыжай жұмысының іс-қимыл жоспарын, жұмыс кестесін жасақталады. Танымдық, зерттеу, зерделеу бағыттары бойынша жылыжай ішінде ұйымдастырылатын сабақтар тізбесі шығарылып, олардың күнтізбелік жоспары, сабақ кестесі дайындалады.

Жылыжай ішінде ішкі және сыртқы тазалыққа, тыңайтқыштар алу, жылу жүйесі, суландыру, егу және өнім алу, мектеп маңына және кабинеттерге ағаш, гүл көшеттерін дайындау, жылыжай ішін қалыптарға бөлу, жалпы қауіпсіздік шараларына жауапты қызметкер бекітіледі.

Республикалық деңгейде мектеп жылыжайларының ережесі болмағандықтан, республикалық журналдар, дереккөздерге, сайттардағы материалдарға сүйене отырып, жылыжайларда «Білім беру», «Өндірістік», «Тәжірибе-зерттеу» мазмұнында мектеп жұмыстары жүргізіледі. Мектепте экологиялық бағыттағы үйірмелердің және табиғаттану, биология, география және технология пәндерінің мұғалімдері бекітілген жоспар аясында жылыжайды пайдаланады.



Осы жерде технология пәні мұғалімдерінің де жылыжайда атқаруға болатын әрекеттерін айта кеткен орынды. Оқушылар технология пәндеріндегі көкөністерді консервілеу, тұздау, ашыту т.т. тапсырмаларды жылыжай өнімдерін пайдаланып, көрсетулеріне мүмкіндік алады. Дайындалған өнімдер тұздалған қияр, қызанақтарды т.б. мектеп асханасына ұсынуға болады.

Жылыжай арқылы өзін-өзі қаржыландыру қызметін үйлестіретін мектептер заңдастырыла жұмыс жүргізулері тиіс. Білім беру ұйымдары әлеуметтік қолдауға жататын отбасыларына қайырымдылық акцияларын өткізіп, жылыжай өнімдерін ұсына алады. Негізінен, мектеп асханасы әкімшілігімен келісімшартқа отырып, алынған көкөністерді мектеп оқушыларына дәруменді өнімдер ретінде ұсынған көп пайдалы. Өнімдерді жылыжайлары жоқ ауданның көрші мектептері асханасына да өткізуге болады. Түскен қаражат мектептегі **қамқоршылық кеңестер** арқылы тиісті қажеттіліктерге жұмсалады. Бұл жерде міндетті түрде тиісті құжаттар толтырылады.

Жылыжайда көкөністер өндіріп, сапалы жұмыс жүргізіп отырған көшбасшы мектептер де байқалып келеді. Мұнайлы ауданы № 10 орта мектебі

жылыжайында биыл 2 тонна қияр өндірілген. Жыл бойы өндірілген өнімдерден түскен қаржыға дарынды және мектептің «**Мың ағаш**» жобасы аясында өз үйлерінің ауласын абаттандырған белсенді оқушылар марапатталып, көкөністер мектеп асханасына өткізіліп, мектепке қажетті материалдар алынған. Осы аудандағы № 11 орта мектебі жылыжайында да 500 кг қияр өндіріліп, өнім мектеп асханасына жіберілді. Түскен қаражатқа мектептің жөндеу жұмыстарына қажетті құрылыс материалдары алынған.

Бейнеу ауданы Үстірт орта мектебі жылыжайында өнім әлеуметтік жағдайы төмен отбасыларына таратылған. Көктемде жылыжайда өсірілген көкөніс дақылдары мен декоративті өсімдіктер мектеп алаңдары мен гүлзарларына отырғызылған. Мектеп ауласында раушан мен долана бұталары өседі, мектепте фито-бар жұмыс істейді, оқушылар долана мен раушан тұнбалары бар сироп іше алады.



Маңғыстау ауданы, Өтес орта мектебінде биология пәні мұғалімі, ардагер ұстаз Едіге Сәтіннің бастамасымен жылыжайда гүл өсіру тәжірибесі жүргізіліп келеді. 70-тен астам гүл түрлерін егіп, өсіріп, зейнетке шыққан Е.Сәтіннің биология сабағының тәжірибелік жұмыстары қазір де жалғасуда. Мектеп жылыжайында өскен экзотикалық, тропикалық гүлдерден оқушыларға порфюм жасау әдістерін үйрету де қолға алынып отыр.

Қарақия ауданы Құрық мектеп гимназиясы жылыжайында, Түпқараған ауданындағы Шахта орта мектебі мен Ақшұқыр мектеп-лицейі жылыжайында біршама көкөністер өндірілген, өнімдер ауылдың әлеуметтік қолдауға жататын отбасыларына таратылып, мектепшілік лагерьге келушілер үшін мектеп асханасына өткізілген.

Байқағанымыздай, мектеп әкімшіліктерінің тек бір ғана бағытта – жылыжайды қаржы табу мақсатына пайдаланып отырғандығын көруімізге болады. Жылыжайды тек қана көкөніс өндіріп, қаржы табу сияқты бір ғана мақсатқа пайдалана алмайтынымызды ескеріп отырған абзал (Жеке кәсіп емес).

Білім беру ұйымдарындағы жылыжайларды ұйымдастыру қосымша қызмет болғандықтан, басшылардан жауапкершілік талап етіледі. Мұнда тәжірибелер, танымдық сағаттар жүргізілетіні, жобада көрсетілген бағыттардың бірі – тамшылатып суару да қолға алынатын шара екендігі ескеретін жұмыс.

Мектеп жылыжайларының нақты аумағы бекітілмегендіктен, жылыжайлардың көлемі де сыртқы көрінісі де түрлі-түрлі. Кей мектептерде жылыжайлар екіден, үштен, төрттен салынған. Облыста аумағы 300 шаршы метрлік жылыжайлармен қатар, 12 шаршы метр (*Жармыш орта мектебі*) жерді алатын, жылу жүйесі орнатылмаған «күркелер» бар. Мұндай жылыжайларда қандай жұмыс ұйымдастырамыз? Сондықтан, мектеп басшылары салынатын жылыжайлардың мақсатқа сәйкес болуын, яғни сабақ процесі мен өнім алуды пайымдап барып жоспарлағаны дұрыс.

МЕКТЕП МУЗЕЙІ ЖҰМЫСЫН ҚҰҚЫҚТЫҚ ҰЙЫМДАСТЫРУ

Байназаров Қуат Кенгесович

Мұнайлы ауданы, №3 орта мектебінің музей жетекшісі

Мұражай – табиғи-тарихи, материалдық және рухани мәдениеттің ескерткіштерін жинау, тану, сақтау пайдалану ісімен айналысатын орын. Онда жәдігер құндылықтармен бірге халықтың, ұлттың бетбұрысты кезеңдеріне көшбасшылық жасаған белгілі тұлғалардың тұтынған құрал-саймандар, киім-кешектері, басқа да тұтынған түрлі заттары орын алады. Мұражай көрме емес. Мұражайлар материалдық және рухани мәдениеттің негізгі сақтаушысы бола отырып, халықтың тарихи-мәдени мұрасын ұрпаққа аманаттауды қамтамасыз етеді.



ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаев
«Мәдени мұра» бағдарламасы

Мектеп музейі - белгілі тақырыпқа біріктірілген, жинақталып жүйеге келтірілген, қазіргі кездегі ережеге сәйкес сақтап, өткен дәуірдің мәдени, тарихи және табиғи ескерткіштерді жинақтаушы орын. Мектеп музейі қорында сақталатын тарихи, мәдени, табиғи ескерткіштер мемлекет меншігі болып есептеледі де, Қазақстан Республикасының Ұлттық музей қорына кіреді және «Қазақстан Республикасындағы Ұлттық музей қорының ережесі» негізінде есептеуге, сақталуға жатады.

Білім мекемелеріндегі музейдің негізгі міндеттері:

- туған өлке тарихын үйрену арқылы Отанға, тәуелсіз Қазақстанда тұратын халықтардың салт-дәстүрі мен мәдениетін, тарихи ескерткіштерге, мәдениет пен табиғатқа деген сүйіспеншілікті тәрбиелеуде мұражай заттарын жинап, сақтау;

- облыстың музей қорын жасауға, оны жемісті пайдалануға қатысып, сақталуын қамтамасыз ету;

- мектептегі оқу-тәрбие жұмысын жетілдіруге қатысу

- тарихи-мәдени, табиғи ескерткіштерді насихаттау;

- оқушылар мен халық арасында мәдени-ағарту жұмыстарын жүргізу.

Жұмыстың мазмұны мен түрі: Мектеп музейі өз жұмысында қазіргі кездегі Қазақстан Республикасының заңдарын, «Қазақстан Республикасындағы білім беру мекемелерінде жұмыс істейтін музейлер туралы «Ережені» және өзінің Жарғысын басшылыққа алады». Музей қызметкерлері келесі жұмыстарды жүргізеді:

- музейдің жұмыс тақырыбына сәйкес тарихи-әдебиеттерді және басқа да дерекнамаларды зерттейді;

- музей қорын үнемі іздену жолымен (туристік жорық, саяхатта, экспедицияда, т.б.) үнемі толықтыру;

- музей заттарын сақтауды қамтамасыз ету, оларды музейдің тізім кітабына тіркеу;



- музей заттарын жаңарту және тұрақты, жылжымалы көрмелер ұйымдастыру;

- халық және оқушылар арасында экскурсиялық дәрістерді жүргізу; музей қорын оқу-тәрбие жұмысына пайдалануға жәрдемдесу.

Музей жұмысын басқару және ұйымдастыру.

Мектеп музейін жасауда оқушылардың шығармашылық іздену, зерттеу және жинақтау жұмыстарының нәтижесі келесі мәселелер бойынша болуы мүмкін: оқушылардың мәдени-ағарту жұмыстарын, жүйелі ізденістерді жүзеге асыру қабілеті арқылы; басқарушы педагог пен педагогикалық ұжымның бұл жұмысқа белсенді қатысуы арқылы;

Мектеп музейінде төмендегідей бөлімдер болуы мүмкін:

а) тарихи:

- мектеп, ауыл, өлке тарихы;

- археологиялық;

- Қазақстанда тұратын халықтардың этнографиялық салт-дәстүріне, тұрмысына арналған;

- тарихи оқиғаларға арналған естеліктер, ғимараттар;

- көрнекті адамдарға, қаһармандарға, соғыс және еңбек ардагерлері, мектеп бітірушілерге арналған тақта.

б) өлкелік кешен;

в) жағрафиялық, табиғатты қорғау;

г) әдеби;

д) көркемдік;

е) қолданбалы халық шығармашылығы;

ж) театрлық;

з) музыкалық.

Мектеп музейін ашу туралы мәселені аудандық, қалалық білім беру басқармасының келісімі бойынша педагогикалық кеңес шешеді және мектеп директорының бұйрығымен бекітіледі.

Музей жұмысын жалпы жиналыста сайланған музей кеңесі басқарады. Оның сандық құрамы мұражайдың жұмыс көлеміне байланысты белгіленеді. Музей жұмысына басшылықты мектеп директорының бұйрығымен тағайындалған мұғалім жүргізеді.

Музей қорына тарихи ескерткіштер мен мәдениет және табиғат ескерткіштерін қосу туралы мәселені мұражай кеңесі өзінің отырысында шешеді. Бұл жұмыс мемлекеттік мұражай, архив және басқа да ғылыми орындар мамандарының қатысуымен жүргізіледі. Кеңес болашақ және күнделікті жұмыс жоспарын талқылап бекітеді. Ізденуші топтардың есебін тыңдайды. Музей істерінің негізгі мәселелерін талқылайды. Ол экскурсия жүргізушілерді, дәріс берушілерді ұйымдастырады. Музей жұмысын ұйымдастыру мақсатында мұражай белсенділері және кеңес мүшелерінің басшылығымен: зерттеу, хат алысу, қорды жөндеу, экскурсиялық, дәрістік, экспозициялық және әсемдеу, көркемдеу топтары құрылуы мүмкін.

Музейге көмек көрсету мақсатында арнайы топ құрылады. Оның құрамына мұғалімдер, мемлекеттік мұражай, архив, жергілікті тарихи, мәдениет ескерткіштері және табиғатты қорғау бөлімдері өкілдері мен еңбек, соғыс ардагері, ата-аналар және т.б. кіреді.

Мектеп музейіне жалпы басшылық пен бақылауды білім беру орындары жүзеге асырады. Олар мектеп музейлерінің әдістемелік және ұйымдастыру орталығы болып есептеледі. Мектеп музейіне әдістемелік көмекті Республикалық білім беру музейі мен мемлекеттік музейі, мұрағат береді.

Қорды сақтау және есепке алуды қамтамасыз ету барлық жинақталған материалдар музей қорын құрайды. Олар білім басқармасы куәландырған заттар тізімі кітабында есептеледі (тарих, мәдениет, табиғат ескерткіштерінің түпнұсқасы) және қосымша қорлар.

Музей қорын сақтау, ұйымдастыру жауапкершілігі мектеп директорына жүктеледі.

Ерекше ғылыми-тарихи және көркемдік мәні бар тарихи, мәдени ескерткіштер (оның ішінде ордендер мен медальдар) және мектеп музейі сақтай алмайтын бұйымдар музей қорына кіргізілмейді. Көрмеге қойылмайды.

Мектеп музейі өз қызметін тоқтатқан жағдайда, білім беру және мәдениет орындарының бұйрығы бойынша мемлекеттік және қоғамдық музейлерге қорды тапсыру жүргізіледі. Міне, сіздерге осы ақпараттарды қызметтеріңізде пайдалануға ұсына отырып, мектебіміздегі музейде атқырылып жатырған жұмыстарға тоқтала кетейін.



№3 жалпы білім беру орта мектебінде «Өлкетану» бағытында ашылған Серікболтану клубының негізінде «Қазақтың рәміздер жағырапиясы» атты музей жұмыс жасауда. Өскелең ұрпақты ұлттық рухта тәрбиелеуде музей жұмысының берері көп.

«Қазақтың рәміздер жағырапиясы» деп аталатын музей мектебіміздегі «Серікболтану» клубының негізінде ұйымдастырылып, 2018 жылы 28-қарашада ашылды.

Музейіміздің «Қазақтың рәміздер жағырапиясы» деп аталуының өзіндік мәні бар. С.Қондыбайдың еш жерде жарияланбаған осы аттас мақаласы клуб негізінде музейдің ашылуына себеп болды.

Мектеп музейінде материалдарды іздеу және зерттеу, жинақтау, сақтау, көрсету мен насихаттау жұмыстарын дамыту, мониторинг жүргізу мақсатында құрылған музей кеңесі бар. Кеңестің құрамына мектеп директоры, осы сала бойынша қызығушылығы бар пән мұғалімдері мен жоғары сыныптан оқушылар кірген. Мектеп оқушыларын музейге көптеп тарту, музей жұмысына байланысты қызықты ойындар мен сайыстар өткізу мақсатында мектебіміздің белсенді оқушыларынан құралған арнайы топ ұйымдастырылды.

Музейде сандық технологияны қолданудың негізінде экспонаттардың жанына QR-код орнатылған. Кез келген адам телефонына осы программаны орнатып, сол экспонат жайлы тереңдетілген мәліметтерді алуына мүмкіндіктер жасалған.

Музей жұмыстарына оқушылардың неғұрлым көп қатысқаны үлкен маңызға ие. Оларға үлкен кісілермен, ардагерлермен кездесіп, естеліктерін жазып алу, салт-дәстүрлерді зерттеу сияқты тапсырмаларды орындау қызықты. Мұғалімнің міндеті - жиналған мәліметтерді жүйелеуге көмек беру, бөлімдерге бөлу, иллюстрация жасау т.б.

Зерттеу жұмыстарына, өлкетану жорықтарына, экспедицияларға шығу арқылы оқушылар физикалық шынығумен қатар, практика жүзінде тарихи

құжаттарды сипаттау мен жіктеуге үйренеді. Балаларды қорды жинақтауға, экспозиция құруға, санақ жүргізуге, сипаттауға, жиналған құжаттар мен заттарды жаңғыртуға, яғни музей жұмысының негіздерін игеруге үйрету керек. Өлкетану саяхаты барысында түрлі мамандықтың қыр-сырын, халықтық кәсіптерді үйрену оқушыларға кәсіби бағыт-бағдар беріп, педагогика, музей, архив, кітапхана ісі саласында мамандық таңдауға көмегін тигізеді. Жалпы алғанда, мектеп музейі қатаң шеңбердегі өзгеріссіз құрылым болмай, үнемі қозғалыста және оқу процесіне өзіндік қырымен енетін жаңа мәліметтермен толықтырылып баруы керек.

Зерттеу жұмыстарында біз өлкеміздің табиғатын үйрену арқылы С.Қондыбайдың «Маңғыстаудың жер-су атаулары» кітабының негізінде жұмысты жолға қойдық. Жер-су атауларын ерекшеліктеріне қарай жіктеуді негізгі мақсат етіп алдық. Осы зерттеу жұмысымыздың аяғында ғылыми жаңалығымыз болған «Маңғыстау топонимдерінің классификациясы» атты карта жасадық.

Осы жұмыстардың нәтижесінде өткен оқу жылында музей жетекшісі ретінде өзім және оқушыларым бірқатар жетістіктерге жетті. Яғни, мұғалімдер арасында жалпы білім беру ұйымдарының музей жетекшілерінің арасында «Үздік мектеп музейі» облыстық байқауының «Ұлы даланың ұлы тұлғалары» номинациясы бойынша I орынды жеңіп алдым. 8-сыныптың оқушысы Тулегенова Гулнур «Өлкетану» бағыты бойынша «Серікбол әлемі» атты ғылыми тәжірибелік конференциясының аудандық кезеңінде I орын, облыстық кезеңінде II орынды иеленді.

Жалпы алғанда, музейіміздің қазіргі күнгі жасап жатқан жұмыстарын қорытындылап талдау жасасақ, әлі де көптеген нақты жасалатын жұмыстардың болуы бізге үлкен міндет жүктейді. Алдағы уақытта музейімізді өлкемізге белгілі тарихи-мәдени орталыққа айналдыру, оқушыларды, жастарды музей жұмыстарына жұмылдыру басты мақсатымыз болады.



ЭКОЛОГИЯЛЫҚ БІЛІМ АРҚЫЛЫ БАЛАЛАР МЕН ЖАСӨСПІРІМДЕРГЕ ПАТРИОТТЫҚ ТӘРБИЕ БЕРУ

Шаханова Сәуле Құрманбайқызы
Бейнеу ауданы, Бейнеу орта мектебінің
Биология пәні мұғалімі, зерттеуші педагог



*Біз табиғаттың өзін қайта түлететін ұрпақпыз.
Жер, су, ауа – адам баласының ұрпағынан – ұрпағына
мұра болып келе жатқан мол қазына.*

*Әрбір ағашты, әрбір бұтақты, жалғыз дәнді де
ыждағаттылықпен сақтау, қамқор болу – басты
міндетіміздің бірі.*

Ы.Жақаев

Ыбырай Жақаевтың нақыл сөзін басшылыққа ала отырып мектепте балалар мен жасөспірімдерге экологиялық білім арқылы туған өлкеге деген патриоттық сезімді ояту әрбір ұстаздың міндеті деп санаймын.

Экологиялық білім беру дегеніміз – әр түрлі деңгейдегі экологиялық білімдерді меңгеру. Экологиялық білім берудің екі негізгі бағыты бар: қоршаған ортаны қорғаудың жалпы ілімі негізінде тәрбиелеу және табиғат пен антропогенді экожүйелердің өзара қатынасының жалпы заңдылықтары туралы арнайы білім беру. Ал білім беру жүйесін экологизациялау – экологиялық басқа пәндерге енгізу және экологиялық білімді әр түрлі салалардың мамандарын дайындау.

Экологиялық білім беру жастардың экологиялық білімдер жүйесін, экологиялық көзқарастарын, санасын, табиғатқа парасаттылық, жауапкершілік, дұрыс қатынасын қалыптастыруға мақсатталған. Осының нәтижесінде адамның мәдениеттілік сезімі, экологиялық санасы мен парасаты қалыптасады. Осы мақсатты негізге ала отырып «Бейнеу орта мектебі» КММ-де 2016 жылдан бастап «Гүл ғажайып дүние» атты экологиялық қоғам өз жұмысын бастады. Оған мектебімізден 280 білім алушы қамтылған. Осы экологиялық қоғам биология пәнін негізге ала отырып, гүл түрлері, сәндік және үй өсімдіктерін өсіру, баптау, күту, гүл ерекшеліктері, гүл сыйлай білу туралы мағлұмат береді. Бұл экологиялық қоғам бойынша оқушылардың биология пәніне қызығушылығын арттырады, яғни жасыл желек патшалығының төресі гүлдер жайлы мағлұмат алып, табиғат таңғажайып бізге әкелер пайдасы да ұшан-теңіз, мол екеніне көз жеткізеді. Гүлдердің көктемде, жазда және қоңыр күзде дейін гүлдейтін түрлері жайлы мағлұмат алып қана қоймай өсіру тәсілін үйренеді.



Сонымен қатар бөлмеде өсетін гүлдердің ерекшеліктерімен танысып оларды өсіре отырып әр бөлмеде орналастыра біліп, адамға маңызын айқындап, тірі табиғатқа деген сүйіспеншілігін оятып, аялауға баулиды.

Экологиялық қоғамның базалық білімнен өзгешелігі:

Бірінші кезекте білім алушылар тірі гүлдердің түрлерімен табиғатта, аулада, бөлмеде жақын танысып, теориялық білімдерін молайтады. Қоғам жұмысының бірінші бөлімінде, биология пәнін негізге ала отырып гүлдерді

қандай мүшесімен көбейтуге болатынын, қалай баптап өсіруге болатынын практика жүзінде үйренеді. Адам өмірінде гүлдердің алатын орны, тигізетін пайдасы, маңызымен танысып, көз жеткізеді. Екінші бөлімінде Бейнеу ауданының қорғалатын аймақтарына саяхат жасап, флорасы, фаунасымен танысып патриоттық сезімі оянады.

Осы атқарған жұмыстар нәтижесінде 2017 жылы қараша айында мектебімізде білім алушылардың туған өлкесіндегі дәрілік өсімдіктерді насихаттау мақсатында мектепте «Фитобар» өз жұмысын іске қосты. Жоба тұңғыш Елбасымыздың «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру аясында ұйымдастырылды. Мақсаты: білім алушыларға туған өлкемізде өсетін емдік өсімдіктерді насихаттау, мектеп білім алушыларының иммунитетін көтеру, бұлшық ет тонусын жақсарту, әртүрлі созылмалы аурулардың алдын алу. Фитобар аптаның алты күнінде жұмыс жасайды. Фитобардың бір апталық мәзірінде:

I күн – Киікоты шәйі

II күн – Өт айдайтын зерде шәйі (өсімдіктер жиынтығы)

III күн – Кеуде фито шәйі (өсімдіктер жиынтығы)

IV күн – Жантақ шәйі (С, К, в дәрумендер жиынтығы)

V күн – Қалақай шәйі

VI күн – Қан қысымын реттейтін шәйі (өсімдіктер жиынтығы)

Емдік қасиетімен қатар, ширақтықты сыйлайтын бұл шәйларды кез келген уақытта мұғалімдер, мектеп қонақтары, қызметкерлер мектеп дәлізінде ішуге болады. Бұл тұнба шәйларды жаратылыстану пәнінің зертханашылары дайындайды.

Жыл сайын мектеп білім алушыларынан құралған «Жасыл желек» командасы көктем айларынан бастап, мектеп ауласында өсетін жолжелкен, сораң, жантақ, адыраспан шөптерін әрқайсысының пісу уақытында теріп алады. Оны жуып, кептіріп, тазалап, келесі жылы жыл бойы пайдалануға жағдай жасайды. Бейнеу ауданының аумағында орналасқан Қызылсай табиғи паркінің «Есет зоологиялық-геоморфологиялық» табиғи қаумалдығына саяхат жасап жергілікті жерде өсетін дәрілік өсімдіктер түрлерімен танысып, қаумалдыққа сенбілік жұмыстарын жүргізеді. Ауданымызда орналасқан аласа таулардан киікоты шөбін теріп бір жылдық қорын жинайды. Осы жорықтардың мақсаты оқушларды патриоттық сезімге тәрбиелейді.

Экологиялық білім беру мен тәрбиелеудің міндеттеріне табиғат туралы, оның тұтастығы және қоғаммен бірлігін ғылыми негізделген білімді меңгеру, оған ықпал етуге байланысты туындайтын практикалық шараларды дәлелдеп орнықтыру, қоғам мен адам үшін табиғаттың құндылығы шексіз екенін ұғындыру, табиғи ортада дұрыс жүріп-тұрудың нормаларын сақтау, табиғат пен сырласа білу қабілетін дамыту, табиғат пен қайта түлеген ортаны жақсарту жөніндегі қызметті сауатты ұйымдастыру жатады. Міне, осы міндеттерді шешу жастардың экологиялық білімін арттырып, олардың табиғатқа деген қарым-қатынасын және патриоттық тәрбиені қалыптастыруға бағытталады.

Олай болса, тәрбие саласындағы экологиялық көзқарас педагогке жеке адамды қалыптастыруда табиғат сырын мейлінше толық пайдалануға айналадағы ортаның әлеуметтік табиғи факторының өзара байланысына назар аударуға бағыт-бағдар сілтейді.

Қазіргі кездегі экологиялық проблемалардың туындауы, соның ішінде табиғи ортаға тигізетін адамның іс-әрекетінің шексіз өсуі және оның келеңсіз көріністері айқын байқалуда. Оған себеп табиғи ортаға деген көзқарастың, жауапкершілік сезімнің және патриоттық тәрбиенің жетіспеуі. Жалпы әлемдік деңгейде мойындалып отырған экологияландыру процесіне сәйкес ізгілік қасиеттерін, құндылық қатынастарын, теориялық-практикалық тенденциялары айқындала бастады.

Экологиялық тәрбие мен білім беру – көп сатылы процесс, ол кешенді тұрғыда қарастыруды қажет етеді. Сондықтан да білім алушыларға жан-жақты, саналы білім беруде, оларды өзіндік зерттеушілік еңбекке баулып, еңбек ете жүріп танымдық қабілеттерін дамытуда мектеп жанындағы жылыжайдың берері мол.



ТУРИСТІК-ӨЛКЕТАНУ ҚЫЗМЕТІ – АЗАМАТТЫҚ ТӘРБИЕ БЕРУДІҢ ҚУАТТЫ ҚҰРАЛЫ

Шопанов Сәрсен Қожабергенұлы
Туризм өлкетану бөлімінің жетекшісі



Қазіргі Қазақстанның тамаша ерекшеліктерінің бірі ішкі және сыртқы туризмді дамытуды мойындауы. Бұл тақырыпты ҚР-ның Тұңғыш Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдаған Жолдауларында үнемі айтылуда. «Нұрлы жол – болашаққа бастар жол» Жолдауында да елімізде туризм индустриясын дамытудың маңыздылығына тоқталады. Қазақстан Республикасының Мәдениет және спорт министрінің Балалар мен жасөспірімдер туризмін дамытудың 2019 жылға арналған жол картасында да «Маңғыстау – маңғаз өлке» экскурсиялық туры өткізу туралы мәселе келтірген. Міне, еліміздің назар аударып отырған туризм-өлкетану саласы білім беру ұйымдарынан бастау алатыны, туризм туралы алғаш түсінік мектеп мұғалімінен берілетіні белгілі.

Мектептерде туризм-өлкетану бағытында 115 үйірме жұмыс жасап, 3000-ға жуық оқушымен қамтылып отыр. Бір үйірме арқылы мектебінің, ауданының атын шығаруға болады немесе жұмысын көрсете алмай, мектеп ішінде қалуға да болатынын мәліметтерден көруге болады. 115 үйірмеден облыс бойынша тек екі мектеп: Түпқараған аудандық М.Горький атындағы мектеп-лицейінің «Көк бөрілер» және Маңғыстау ауданы Өтес орта мектебінің «Сейсмо-8» топтарын атап өтуге болады. Облыс, республика бойынша жарыстарда да осы екі топтың аттарын көреміз. Бұл қалған мектептердегі үйірмелерге бағыт беру, әдістемелік көмек ұйымдастырылуы керектігін білдіреді.

Ұсыныстар:

- Өлке туралы Экскурсиялар, саяхаттар геологиялық және археологиялық жұмыстар ұйымдастыру;
- Жалпы адамзаттық құндылықтар туралы түрлі патриоттық сайыстар, байқаулар ұйымдастыру;
- Туристік-өлкетану үйірме жұмысын жандандыру;
- Мәдени мұра, тарихи тұлғалар туралы деректі фильмдер, бейне-роликтер, буклеттер, альбомдар және т.б. жасақтау;
- Өлкетану пәнін тарихи-мәдени орындарда өткізу (тарих, география, музыка, әдебиет пәндер).




МЕКТЕПТЕГІ ТУРИСТІК-ӨЛКЕТАНУ ЖҰМЫСТАРЫН ҰЙЫМДАСТЫРУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Надинова Гулсим Курманбаевна

Маңғыстау ауданы “Өтес орта мектебі” ММ-нің география пәні мұғалімі
педагог-мастер

Бүгінгі таңда көп ұлтты Қазақстан халқының болашағын қамтамасыз ету үшін жеткіншек жас ұрпақтарды мемлекеттік рәміздер мен «Мәдени мұра» нысандарына, жалпы ұлттық құндылықтарды құрметтеп, қастерлеуге бағдарланған патриоттық тәрбие беру өзекті мәселеге айналууда. Бұл жөнінде еліміздің тұңғыш президенті Н.Ә.Назарбаевтың: «Қазақстан-2030» атты Қазақстан халқына жолдауында «Оқушыларды қазақстандық патриотизм мен шығармашылық жағынан дамыған жеке тұлға ретінде тәрбиелеу аса қажет», - деп атап көрсетті. Сондай-ақ, Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңының 8-ші бабында білім беру жүйесінің басым міндеттерінің қатарында «азаматтық пен елжандылыққа, өз Отаны Қазақстан Республикасына сүйіспеншілікке, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, Конституцияға қайшы және қоғамға қарсы кез-келген көріністерге төзбеуге тәрбиелеу» туралы да айтылған.



Бұл жолда қосымша білім беру ұйымдарындағы туристік-өлкетану бағытында ұйымдастырылған үйірме жұмыстарының да маңызы зор. Туристік-өлкетану іс-әрекеттері адамның қоршаған ортаға деген түрлі сезімдерін білдіре алады. Туристік-өлкетану нысандарында, мазмұны жалпылама мәдени мұра бейнелерін құрайтын, әртүрлі оқиға, құбылыстарға белгілі бір сезімді білдіру арқылы көрсетіледі. Туристік-өлкетану іс-әрекетінің бұл ерекшелігі біріншіден патриоттық тәрбиенің мазмұнын анықтайды.

Туристік-өлкетану іс-әрекеттерінің адамға белгілі бір мақсатта әсер ету ерекшелігі ең алдымен, адамгершілік сезімдерін дамытады және тәрбиелейді, адамның барлық психологиясын белсендіреді, қоғамдық мәні бар құндылықтарға бағыттайды, сондай-ақ, оның еркін әрекеттегі дайындығын арттырады. Демек, туристік -өлкетану іс-әрекеттері патриоттық тәрбие беру процесінде екі салада қарастырылады.

Бірінші жағдайда, ол тәрбиенің пәні ретінде қызмет атқарады, оның мазмұны болып заттар, адамдардың іс-әрекеттері саналады. *Екінші жағдайда*, туристік-өлкетану тәрбиенің құралы болып табылады, осы мәдени-рухани құндылықтарды терең эмоционалдық түрде қабылдауға мүмкіндік береді.

Бұдан басқа тағы бір ескертетін жағдай, патриоттық тәрбие беру процесінде оқушылардың жай қызығушылығын қалыптастырумен шектелуге болмайды. Олардың жаңа білім алу процесін жандандырып және түрлендіруге қаблетті танымдық қызығушылығын қалыптастыру қажет.

Демек, патриоттық тәрбиені берудің бастапқы сатысы мектепке дейінгі білім беру ұйымдарынан, яғни, балабақшадағы төрт жасар бүлдіршіннен бастау алады. Бүгінгі таңда аудан орталығындағы «Балдырған» бөбекжайы балабақшасындағы «Балапан турист» үйірмесінде 20 бүлдіршін туристік-өлкетану іс-әрекеттерінің алғашқы әліппесімен танысуда.

Аса зор танымдық мәні бар туристік-өлкетану іс-әрекеттері жалпы білім беретін сыныптан тыс ұйымдастырылатын жұмыстар балалардың өз ықыластарын арттырып, дербестігін оятатын, қызыға қабылдап белсене араласатын туристік-өлкетану іс-әрекеттерінің алуан түрлері: *туристік-өлкетану жорықтары, саяхаттары, экспедициялары, үйірмелері, мектеп мұражайлары* және т.б. арқылы жүзеге асуда.

Мұнда оқушылардың өз Отанындағы, туған ауылындағы, ауданындағы, аймағындағы мәдени-рухани құндылықтарға патриоттық сезімдерін қалыптастыру көзделеді. Сонымен қатар, табиғи байлықтарымен, ғылым мен мәдениеттің табыстарымен белгілі бір территорияда тарихи кезеңдерде болған халықтың өмірімен тығыз байланысты тарихи ескерткіштермен, қазақ халқының мәдени мұра нысандары жайлы деректер жинаумен айналысады.

Патриоттық тәрбиенің ерекшелігі де, нақты заттық патриоттық мазмұнды мақсаттылықпен қабылдау болып табылады.

Туристік-өлкетану процесі дүниетанымдық көзқарасты қалыптастарудың ықпалды құралы ретінде, оқушылардың адамгершілік қасиеттерін, моральдық интеллектуальдық ортасын, олардың тұлғалық сезімдерін байытады. Өз елінің қазақстандық патриотизмін қалыптастыру мазмұнындағы рухани-мәдени мұраларын көріп, танып білу оқушыларға патриоттық тәрбие берудің құрамдас бір бөлігіне айналады. Оны туристік-өлкетану процесінің мүмкіндіктері де дәлелдейді.

Қосымша білім беру ұйымдарындағы үйірме жұмысы алдымен кең тынысты шараларды жүзеге асыруға бағытталуы тиіс, сонда ғана ол оқушылардың ынта-ықыласын толық қанағаттандыра алады. Үйірме жұмысын негізінен теориялық және практикалық жүргізуге болады. Үйірмелердегі практикалық бағытты туристік-өлкетану іс-әрекеттерді зерттеу процесі (анкета жүргізу, жекелей әңгімелесі, бақылау, эксперттік бағалау) түрінде ұйымдастыруға болады. Үйірме жұмысын қамтуда оқушылардың ынта ықыласын ескеру маңызды мәселе. Мұғалім оқушылардың талаптары мен сұраныстарын қанағаттандыра отырып, үйірме мүшелерін ортақ іске жұмылдыру тиіс.

Туристік-өлкетану іс-әрекеттерінің жалпы түріне экскурсиялар жатады. Арнайы дайындықпен, ерекше жоспармен өткізілген экскурсиялардың тәрбиелік құны жоғары болады. Мектеп мұражайларының жұмыстары да оқушыларды қазақстандық патриотизмге тәрбиелеуде маңызды орын алады. Олардың ішінде дәстүрлі орын алғаны аға ұрпақтың өмірі мен қызметіне, халықтың жауынгерлік және еңбек даңқына ұйымдастырылған мұражайлар. Балалар мұражайы жұмыстарын ұйымдастыруға, кезекшілікке, экспонаттарды баяндауға, іздеу топтарына қатынасады. Яғни, жоғарыда көрсетілген қосымша білім беру ұйымдарындағы жұмыстың түрлері бірі екіншісінен туындайтындай етіп комплексті жүргізілгені дұрыс.

Қорыта келгенде:

1. Мектеп оқушыларының қазақстандық патриотизмін қалыптастырудың қоғамдық-педагогикалық мәскелесі жалпы білім беретін мектеп, қосымша білім беру ұйымдары бағдарламасының жетекші бағыттарында оқушылардың отансүйгіштік тәрбиесін мәдени мұра мемлекеттік бағдарламасы негізінде, туризм, оның ішінде туристік-өлкетану іс-әрекеттері арқылы жетілдіру өте өзекті болып отыр.

2. Оқушыларды тәрбилеудің жалпы жүйесінде туристік-өлкетану іс-әрекеттері оларды қазақстандық патриотизмге тәрбиелеуге негіз болумен қатар, оқушылардың туған өлкесінің патриоттық мазмұнындағы өлкетану нысандары арқылы өзінің Отанына, туған еліне, адал қызмет етуге, мәдени мұраларды сақтап ұлттық, жалпы адамзаттық құндылықтар ретінде қастерлеп құрметтей білуге, оларды келешек ұрпаққа жеткізе білуге үйретеді.

3. Мектептен тыс, сыныптан тыс ұйымдастырылатын туристік-өлкетану іс-әрекеттерінің формалары, соның ішінде үйірме жұмысы, оқушылардың мәдени мұра нысандарының ішінен қазақстандық патриотизмді қалыптастыру мазмұнындағы нысандарды жинақтап, коллекциялар, деректі фильмдер, буклеттер, альбомдар және т.б. дидактикалық көрнекіліктерді дайындаумен оларды туристік-өлкетану іс-әрекеттері процесінде пайдаланумен айқындалады.

4. Түрлі жұмыстардың нәтижесінде оқушылардың патриоттық мазмұндағы мәдени мұра нысандарына көзқарастары өзгеріп, қызығушылықтары артады.

Бұл жұмыстар толыққанды іске асу үшін төмендегідей ұсыныстар беремін:

1. Мектеп оқушыларының қазақстандық патриотизмін қалыптастыру үшін өз өлкесіндегі мәдени мұра нысандарын пайдалану керек.

2. Мектеп мұғалімдері мен туризм нұсқаушыларына ұсынылған бағдарламалар бойынша тұрақты жұмыс істейтін үйірмелер ұйымдастыру керек.

3. Туризм нұсқаушылары мен туристік-өлкетану іс-әрекеттерін ұйымдастырушы мұғалімдерге туристік-өлкетану қызметтерін ұйымдастырып, оқушыларды қазақстандық патриотизмге тәрбиелейтін жұмыс формаларын өткізуге байланысты білімдерін жетілдіру мақсатында арнайы семинарлар, курстар өткізу қажет.



Маңғыстау облыстық балалар мен жасөспірімдер
туризмінің орталығы
Байланыс телефоны: 8(7292) 60-54-00
Эл.пошта: ocdt-2017@mail.ru.